



**«ТАУЛАР
АЛЫСТАҒАН
САЙЫН БИІКТЕЙ
БЕРЕДІ»**

6-бет



**АЛҚЫЗЫЛ
ГҮЛДЕР**

8-бет

Ержан КЕНЕНБАЕВ, Жетісу облыстық сотының төрағасы:

**«СОТ ӘДІЛ
ТӨРЕЛІГІМЕН
МЕМЛЕКЕТ БЕДЕЛІН
КӨТЕРУГЕ ҚЫЗМЕТ
ЕТУІ КЕРЕК»**



– Ержан Әбдірақымұлы, сіз төрағалық етіп отырған Жетісу облыстық соты – жаңа құрылған ұжымның бірі. Жаңа соттың жұмысы неден басталды?

– Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 9 тамыздағы № 973 Жарлығына сәйкес Жетісу облыстық соты құрылып, өз қызметін бастады. Ал 2022 жылғы 3 мамырдағы №887 Жарлығына сәйкес, қазіргі Жетісу облысына қарасты Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандары мен Талдықорған және Текелі қалалары Алматы облысының құрамынан бөлініп шықты. Облыстардың бөлінуіне ең алдымен өңірдің инфрақұрылымын дамыту, халықтың тұрмыс жағдайын көтеру түрткі болғаны анық.

(Соңы 5-бетте)

ЗАҢ газеті

✉ zangazet@mail.ru

№31 (3562) 25 сәуір 2023



ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОТАНЫ БІРДІҢ - ТІЛЕГІ БІР



Қазақстанның жеке ел ретінде қалыптасып, дамуына тамшыдай болса өз үлесімді қосам, менің ұрпағым тәуелсіз Қазақ елінің азаматы болады деген шетелдегі қазақтардың атажұртқа көші 1992 жылы басталған еді. Бүгінде олардың саны 1 млн-нан асып кетті.

(Соңы 3-бетте)

**ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жұлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 28 МАУСЫМ – журналистер күні анықталады.

Ал, іске сәт!



АЙМАҚ

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Статистикалық деректерге сүйенсек, COVID-19 пандемиясы басталғалы бері интернет алаяқтық деректері 80 пайызға артқан. Республиканың өзге өңірлері секілді Алматы облысының тұрғындары да алаяқтықтан аз зардап шегіп отырған жоқ. Өйткені дәл қазір барлық өңірде интернет сауда дамыды. Қоғамдық орындарға, дүкендерге барудан қорыққан тұрғындар дәл осы кезде тапсырыспен күнделікті қажеттіліктерін алып отырды. Осыны өз пайдасына асырғысы келген алаяқтар да қарап жатпады. «Аңқау елге арамза молданың» кебін кигізді. Интернет алаяқтықпен күреске Алматы облысының құзырлы орындары айрықша көңіл бөліп отыр.

2020 жылы елімізде 14 мыңдай тұрғын интернет алаяқтардың құрбаны болған. Ал 2021 жылы интернет алаяқтыққа қатысты 21 мыңнан

астам дерек тіркелген екен. 2022 жылы да бұл деректер айтарлықтай азаймаған. 21 мыңға жуық азаматымыз саналы түрде алаяқтарға

алданған. Саналы түрде деуіміздің де себебі жоқ емес. Полиция мен банк қызметкерлері, қаржыгерлер ұдайы ескерту айтып-ақ жатады. Бірақ соған қарамастан аңқау халық адал ақшасынан күн сайын өз жауапсыздығының кесірінен айырылып қалып жүр.

Мен де алдандым...

Қолымыз қалт еткенде ұялы телефонды ала сап инстаграмм, тик-ток, facebook, telegram желілерін ақтарып шығу жазылмаған заңдылыққа айналды. Әсіресе, қыз-келіншектер мен жастар үшін бұл қалыпты жағдай. Онлайн сауда жасайтын дүкендердің әр затын бір қызықтау әдет. Тіпті, көңілімізге жаққа-

нын онлайн тапсырыс беріп те сатып аламыз. Онлайн сауда жасау күнделікті өміріміздің бір бөлшегіне айналып кеткендей. Мен де бірнеше рет инстаграмм желісінен тапсырыс беріп, қажет деген заттарды алғаным бар еді. Осы жолы да сол әдетімше өзіме ұнаған, бағасы да қолжетімді қыстық куртқаға тапсырыс бердім. Инстаграмм желісінде байланысқа шыққан азаматша әп-сәтте іші-бауырыңа кіріп, ешқандай өтірік емес екенін айтып, бала-шағасымен ант-су ішіп, тіпті күәлігін жіберіп те үлгерді. Содан айтқан есепшотына ақшаны да аударып қойдым. Осымен «іс бітті, қу кетті». Әлгі «екі баланың анасы» сол бетінше жоқ болды. Ақшам да, куртқам да арманда кетті. Мен алдандым...

Міне, мен осылайша интернет алаяқтықтың құрбаны болдым. Әрине, біріншісі де, соңғысы да мен емес. Интернет алаяқтардың құрығына күніне ондаған адам ілінеді. Бірі осындай бағасы арзан сапалы тауар алғысы келсе, енді бірі тіпті несиеге белшесінен батады да кетеді.

(Соңы 6-бетте)



мен, бағыт берумен шектелмейді. Мәселен, біздің сот жыл сайын мемлекеттік құрылымдар өкілдерімен, заңгер, адвокаттармен басқосу, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, арыз-шағымды мемлекеттік тілде дайындауда туындайтын мәселелерді талқылауды жолға қойған. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, мемлекеттік тілге байланысты түйткілдерді де бірлесіп шешкенде нәтиже жоғары болмақ. Бүгінгі күнге дейін ұйымдастырылған жиындарда құжаттардағы заң терминдерін біркелкі қолдану, көмек сұраған азаматтардың қай тілді жетік білетініне қарай арыз-шағымды сотқа жолдау тақы-

ЖАҢАӨЗЕН: ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ ШЕШУДЕГІ КЕЗЕКТІ ҚАДАМ

Жаңаөзендегі мұнай компанияларының жетекшілері жергілікті әкімшілік өкілдерімен кездесті. 2019 жылдан бері қолданылып келе жатқан мұнай өндірісіне жұмысқа тұрғызу алгоритміне сәйкес, қала әкімдігі мен «Өзенмұнайгаз» және «Инвест», «Газасу», «БН» компаниялары бірлесіп 4000 адамды жұмысқа орналастырған. Жаңаөзен қалалық жұмыспен қамту орталығының жетекшісі Ұлбазар Орынбаеваның айтуынша, бүгінде 9 996 адам жұмысқа тұруға кезекте тұр.



Үміткерлерге алдымен «Инвест» кәсіпорындарында еңбек етіп, тәжірибесін жетілдіру ұсынылуда. Тек содан кейін «Өзенмұнайгазға» тұрақты жұмысқа тұруға болады. Компания басшысы Нұрдәулет Игілікұлы «Өзенмұнайгаз» бүгінде 10 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтып отырғанын алға тартты. Ал бұдан да көп адамды жұмысқа алу компанияның экономикалық жағдайына теріс әсер етеді. Сондықтан, басшылық жұмыссыз жүрген, аз қамтылған отбасы мүшелеріне жоғарыдағы еңбек алгоритміне сәйкес «Өзенмұнайгаздың» еншілес компанияларында тәжірибесін шыңдауды ұсынды.

Бұдан бөлек жергілікті халықты жұмыспен қамтудың өзге де тетіктері қолға алынбақ. Бұл мәселені оңтайлы шешу үшін қазір қала әкімінің арнайы тапсырмасымен жұмыс тобы құрылып, оның құрамына депутаттар, Қоғамдық кеңес мүшелері, көптеген компаниялардың өкілдері мен кәсіподақ мүшелері енгізілген.

А.САТЫБАЛДЫ, «Заң газеті»

ТІЛІН ТҰҒЫРЫНА КӨТЕРГЕН ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Мемлекеттік тілін ұлықтаған ұлттың болашағы жарқын. Қазақстандағы мемлекеттік тіл біреу, ол – қазақ тілі. Бұл еліміздің Конституциясында да заңды түрде бекітілген. Тек Ата Заңдағы талаптан ауытқымай, барлық салада мемлекеттік тілдің қолданысына басымдық берген дұрыс. Бұл мәселеге отандық сот жүйесінде де жіті көңіл бөлініп келеді. Жоғарғы Соттың төрағасы Асламбек Мерғалиевтің жетекшілігімен өткен алғашқы ауқымды жиынның да мемлекеттік тілдің мәртебесіне арналуы көп жағдайдан хабар берсе керек.

рыптарын талқыға салдық. Сонымен бірге, аудармашылардың сауаттылығы, құжаттардағы қателер де назардан тыс қалмады. Жалпы, қарапайым азаматтар қай тілді жетік білсе, сол тілде сотқа арыздануы, істің өзі білетін тілде қаралуын талап етуі заңды. Ал мемлекеттік құрылым қызметкерлерінде ондай таңдау болмауы керек. Мемлекеттік қызметкер мемлекетке қызмет етуі, мемлекеттік тілдің жандануына ықпал етуі шарт. Біз әрбір шара барысында құзырлы орган өкілдеріне осы қағиданы ескертіп келеміз.

Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2022 жылы 2983 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс түскен. Оның 1771-і мемлекеттік тілде жолданған. Ал биылғы жылдың алғашқы үш айында сот өндірісіне 915 әкімшілік құқық бұзушылық іс түссе, оның 660-ы мемлекеттік тілде болған. Сотта мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыру үшін әлі де насихат, сауаттандыру жұмыстарын үзбей жүргізу керек.

Э. АЛДАБЕРГЕНОВА, Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Жалпы статистика көрсеткендей республика халқының жетпіс пайыздан астамын қазақтар құрайды. Әрі қазақтілді азаматтардың саны жыл өткен сайын өсіп келеді. Соған сәйкес, азаматтардың да сұранысын қазақша жеткізіп, қызметтің мемлекеттік тілде көрсетілуін талап етуі қалыпты жағдай. Бұл көрсеткіш қарқынды өсуде. Сондықтан әрбір мемлекеттік құрылым тұтынушының қалауына сай қызмет етуге дағдылануы тиіс. Өйткені, процестік құжаттарды ғана мемлекеттік тілде жүргізу жеткіліксіз. Барлық құжаттарды мемлекеттік тілде дайындап қана қоймай, азаматтармен қазақ тілінде қарым-қатынас жасауды, көпшіліктің қазақша қойған сауалына сол тілде ұғынықты жауап қайтаруды меңгеру міндет. Мемлекеттік саясатты іс жүзіне асыратын негізгі буын мемлекеттік органдар болғандықтан,

қарапайым халық, әсіресе, жастар шенеуніктерге қарайды, солардың кәсіби біліктілігіне қарап, билікті бағалайды. Ал егер мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік тілде жетік сөйлеп, қызмет көрсетсе, қоғамда да мемлекеттік тілге деген құрмет пен қажеттілік арта бермек.

Қазақстандық сот саласында бұл мәселеге ерекше ден қойылған. Ол үшін бүгінде судьялардың ғана емес, кеңсе мамандарының да мемлекеттік тілді жетік меңгеруіне басымдық беріледі. Жалпы, халық шет тілін білмегені үшін өзін қолайсыз сезінбегені дұрыс. Ол үшін сот қызметкерлері біріншіден, қазақша жатық, түсінікті сөйлей білуі керек, екіншіден, мемлекеттік тілде еркін, таза жаза білуі маңызды. Қазіргі кезде әрбір сот ұжымы осы бағытта ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді.

Әрине, тілді дамыту талап қою-

МАСАҢ КҮЙДЕ КӨЛІК ТІЗГІНДЕЙТІНДЕРГЕ ЖАЗА ҚАТАҢ

Ішімдік ішіп, көлік тізгіндеу жүргізушінің өзіне ғана емес, басқа адамдарға да қауіпті. Өкінішке қарай, қауіптің байыбына бармай, көлік жүргізетіндер қоғамда азаймай отыр.

Соның салдарынан өткен жылдың 9 айында 10,2 мыңға жуық апат орын алып, одан 15 мыңнан астам адам зардап шеккен. Мұндай апаттың салдарынан 1,7 мың адам қаза тапқан. Оның ішінде, кәмелетке толмаған балалар, әйелдер де бар екен. Әрине, статистика бойынша жол апатының түрлі себебі бар. Алайда, жолдағы апаттардың басым көпшілігі ішімдік ішіп, көлік жүргізудің салдарынан болатыны жасырын емес. Жыл сайын мұндай оқиғалардың көбеюі, жазықсыз адамдардың жүгенсіз жүргізушілердің әрекетінен зардап шегуі мемлекет басшысының да алаңдаушылығын туғызған еді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өз сөзінде «Заңға өзгертулер енгізуді тапсырдым: алкогольді ішімдіктердің кез келген түрін ішкен күйінде көлік жүргізгені үшін берілетін жазаны қатаңдату қажет», – деді. Тапсырма жүзеге асырылып, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес, көлікті мас күйінде жүргізгені үшін жаза күшейтілді. Осылайша, аталған заңмен масаң күйде рөлге отырғандар бұрынғыдай жүргізуші куәлігінен айырылып, жазадан оңай құтылуына тұсау салынды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енген өзгерістерге сәйкес, жүргізуші көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде басқарса немесе көлік құралын масаң күйдегі адамның басқаруына берсе 15 тәулікке қамқақ алынып, 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Сондай-ақ, Қылмыстық кодекс 345-1-баппен толықтырылып, алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқарған адамға жол жүрісі немесе көлік құралын пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін жауаптылық енгізілді. Аталған бапқа сәйкес, масаң күйде жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану

қағидаларын бұзып, абайсызда адамның денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірген жүргізуші белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жыл мерзімге айырыла отырып, 1000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Егер, абайсызда адамның денсаулығына ауыр зиян келтірсе, адам өліміне алып келсе, екі немесе одан көп адамның өліміне алып келген жүргізушілерді қатаң жаза күтеді. Осы баптың ескертпесіне сәйкес, көрсетілген адамдарға көлік құралын басқару құқығынан айырылғандар жатпайды. Сонымен қатар, 346-бапқа да өзгерістер енгізіліп, көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы не көлік құралын басқаруды осындай адамға беру, осындай адамның көлік құралын басқаруына лауазымды адамның немесе көлік құралы меншік иесінің не иеленушісінің жол беруі белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатынын атап өткен жөн. Өткен жылы Қылмыстық кодекстің 346-бабымен Мұнайлы аудандық сотында 12 іс қаралса, 2023 жылдың 4 айында 2 іс қаралып, 2 жүргізушіге бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалған.

Қорыта айтсақ, ұзын жолдың үстіндегі жол апаттары адамға қауіп төндіруден бөлек, тараптарды шығынға да батырып, моральдық соққы әкеледі. Сондықтан, масаң күйде көлік жүргізудің қоғамға қауіп төндіретінінен бөлек, жазасы ауыр қылмыс екенін ұмытпаған жөн.

Қанат НҰРҒАБЫЛҰЛЫ, Мұнайлы аудандық сотының судьясы МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Заңгер болуды армандайтын жастар көп. Бұл мамандыққа түсудің шекті балы өте жоғары болғанымен, түлектер арасында әлі де бәсекелестік жоғары. Осының өзі құқықтық салада қызмет етуге деген қызығушылықтың ешқашан кемімейтінін көрсетеді.

КӨП СӨЗ ҰТПАЙДЫ, ДӨП СӨЗ ҰТАДЫ

Бір анығы, заңгер болғысы келген адамға тек мамандықтың қыр-сырын меңгеру аз. Мықты заңгер болу үшін арың таза, жауаптылығың зор, тіл байлығың мол болуы керек. Сонымен бірге заңгерге батыл мінез, елді соңына ерте алатындай ерекше қасиет те қажет. Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деп тегін айтпаған.

Осыны ескере отырып біздің факультетте білім алушылардың өз ойын нақты, жүйелі жеткізуіне ғана емес, көпшілік алдында сауатты, сенімді сөйлей алуына да мән беріледі. Ол үшін жастардың көркем әдебиеттерді көп оқуына, сол оқығанын көңіліне тоқуына ден қойылады. Заңгер қай сөзді қай жерде, қай кезде, қандай ортада айтатынын білуі тиіс. Мұндайда әссе жазуға дағдыландырудың, белгілі бір тақырыптар бойынша ой қорытуына жағдай туғызудың маңызы зор. Мәселен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті мен Алматы қаласының прокуратурасы бірлесе ұйымдастырған конференция аясында студенттер «Мен неліктен заңгер мамандығын таңдадым?» деген тақырыпта әссе жазудан додаға

түсті. Осы сайысқа қатысқан жастардың шығармасынан көп ізденетіндері, жаңалыққа құштар екендері анық байқалып тұрды. Жастар жазбасына қарап отырып олардың билер дәстүрін көп оқитыны, даулы істердегі би-шешендердің сөз саптауына, даналығына терең мән беретіндері бірден байқалды. Әсіресе, бұрынғы билер мен қазіргі судьялардың дауды шешу тәжірибесін салыстыра суреттеп, әділдіктің қоғамдағы рөліне жан-жақты сараптама жасаған жастардың біліміне ерекше сүйсіндік. Мұндай ізденіш жастардың еліміздің құқық қорғау, заң саласына айтарлықтай жаңалық әкелеріне, салаға серпін береріне сенім мол.

Ал Алматы қаласының прокуратурасы әссе шеберлерін марапаттау арқылы жастардың сөз өнерін, тіл өнерін дәріптеуіне негіз қалағаны анық.

Бақытгүл ҚОНЫСБАЙ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының аға оқытушысы, PhD докторы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОТАНЫ БІРДІҢ - ТІЛЕГІ БІР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оған 1992 жылы Алматыда өткен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы мен заман талабына сай жаңарып, қайта құрылған Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының қосқан үлесі аз болмады. Өкінішке қарай, бұл көш 30 жылда түрлі себептермен саябырсып, тіпті елге сіңісе алмай кейбіреуі қайта кері көшкен жағдайлар да кездесті. Алайда, оның себеп-салдарын жан-жақты анықтап, нәтиже шығарған ешкім табылмады. Жұртшылық арасында «оралман» аталып кеткен қандастарымызға қатысты түрлі сын-пікірлер көбейді. Ол әлі күнге толас таппай отыр. Бұл жағдай биылғы Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауы кезінде де айқын аңғарылды.

Кандидатуралардың бірі «артымызда 1 млн қандас бар» десе, екіншісі «қандастарға Парламенттен квота бөліну керек», үшіншісі қандастарға Мәжіліске де квота бөліну керек дейді. Мәселен, 26 ақпанда dalaNews.kz сайтында «Respublica? Біздің алға қойған мақсатымыз ауқымды – Сырымбек Тау» деп аталатын сұхбат жарияланды. Онда сайлау қарсаңында жаңадан құрылған саяси партияның тең төрағасы С.Тау: «1991 жылдан бері елімізге көшіп келген қандастардың саны миллионнан асты. Солардың арасынан бір депутат, бір министр болатындай адам кездеспеді дегенге кім сенеді. Сондықтан қандастардың арасынан заң шығарушы органда бір емес, бірнеше депутат болуы керек деп есептеймін. Бұл жайт елге қайтуды жоспарлап жүрген мыңдаған қандасымыздың Қазақстанға оралуына дем беретіні анық. Соңғы жылдары елімізде Қазақ көші айтарлықтай саябырсып қалды. Осы көштің қайта жандануына мүдделі қандастарымызды Мәжіліске барып, биік мінбеде мәселе көтеруі керек деп есептеймін. Қазіргідей қиын кезеңде бір ел тұрмақ, бір ауылдан келесі бір ауылға көшудің өзі мұңға айналғаны жасырын емес. Сыртта жүрген қандастарымызға «елге көшіндер» деген екі ауыз сөз жеткіліксіз. Бұл істің тігінін жатқызып, жүзеге асыру үшін кешенді жұмыстар атқарылуы керек. Ал қандастардың мәселесімен елге келген қандастардың айналысуына мүмкіндік берген жөн. Сол кезде жұмыс алға басатын болады. Осыған дейін елге келген қандастарымыз жағдайларының жоқтығынан Қазақстанға көшіп келген жоқ. Олар тарихи Отанына келгенде Қазақстанымызды көркейтеік деген ойымен шекараның арғы жағындағы тіршілігін тастап, елге оралды. Сол қандастарымыз соңғы 30 жылда биліктің шаужайына жармасып, саясатқа араласқан жоқ. Бәрі қоңыртөбел тіршілігін құйтып, мемлекетке салмақ салмай күнін көрді. Бүгінде Алматы облысынан бастап, Шығыс Қазақстанға дейінгі ауыл-аймақтарға сырттан келген қандастарымыз қоныстанып, мал шаруашылығын өркендетіп жатыр. Олардың кейбірі кәсібін дамыту үшін жайылым жер таппай бірқанша қиындықтармен



бетпе-бет келуде. Алдағы уақытта осы мәселелердің бәрін кезек күтпей шешу керек деп есептеймін» дегенді айтты. Оны кейін өзге бұқаралық ақпарат құралдары көшіріп басып, кейбірі «Қандастар мен шеттегі қазақтарға Парламенттен квота бөлінуі тиіс» деген тақырып қойып жариялады. Өкінішке қарай, оған Орталық сайлау комиссиясы тарапынан да, Әділет министрлігі тарапынан да, тіпті Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен Otandastar қоры тарапынан да ешкім түсіндірме жасаған жоқ. Ешкім ешнәрсе көрмеген, естімен, оқымаған кейіп танытты.

Қандастың құқы бұзылып отыр ма?

Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы уәкілдігінің кеңесшісі Қанат Жұмабайдың айтуынша, бұл жағдай ең алдымен құқықтық сауатқа келіп тіреледі. Заңнаманың қазақ және орыс тіліндегі нұсқасында айырмашылық көп. Оны жасаған және қабылдаған Үкімет пен Парламентте бұл мәселе бойынша жауапкершілік жоқ. Мәселен, «Халықтың көші-қоны туралы» заңға 2020 жылы енгізілген өзгеріс бойынша «оралман» деген сөздің бәрі қандас деп өзгертілді. Алайда дәстүрлі қазақ қоғамындағы «оралман» мен «қандастың» айырмасы жер мен көктей. Соның салдарынан «оралман» деген сөзден қашамыз деп «қандас» деген сөздің қадірін кетіріп алдық. Шетелдегі қазақты да, уақытша келіп ықтияр хатпен жүргендерді және қандас куәлігімен жүргендерді де, тіпті Қазақстан азаматтығына ие болған шетелден келген бүкіл қазақтарды да қарапайым халық қандас деп түсінеді.

«Азаматтық алғаннан кейін ешкімге қандас деген ұғымды қолданбауымыз керек. Конституцияда «Адам және азамат» деп аталатын жеке бөлім бар. 10-бап бойынша, Қазақстан Республикасының азаматтығы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады, ол қандай негізде алынғанына қарамастан, бірыңғай және тең болып табылады. Республиканың азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ, оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыстар жасағаны, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар

мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана жол беріледі. Сондай-ақ, республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деп жазылған. Демек азаматтық берілгеннен кейін барлық адамның құқығы тең. «1991 жылдан бері елімізге көшіп келген қандастардың арасынан бір депутат, бір министр болатындай адам кездеспеді дегенге кім сенеді. Сондықтан қандастардың арасынан заң шығарушы органда бір емес, бірнеше депутат болуы керек» деген елдің тұтастығына сызат түсіретін өте қауіпті нәрсе. Оған құқық қорғау және өзге құзырлы орган өкілдері өз бағасын беруді тиіс. Ал заң бойынша қандас азаматтығы өзге елдегі қазақ ұлты өкілінің тарихи отанына оралам және онда тұрам деген азаматтың шешімі. Азаматтық алғаннан кейін бұл мәртебе жойылады», – дейді Қ. Жұмабай.

Заңгердің бұл сөзін Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы ардагерлерінің бірі, жазушы-драматург **Сұлтанәлі Балғабаев** та қостайды.

– Мен сонау 1992 жылдан бастап тура жиырма бес жыл шетелдердегі қазақтармен байланыс жасау және этникалық көші-қонды ұйымдастыру жұмыстарының ішінде жүрдім. Соған орай, бұл саланың кешегі және бүгінгі жағдайын біршама жақсы білемін. Қазір этникалық көштің барынша азайғаны рас. Бұл өте өкінішті. Ал сонда көштің тоқырау себебі неде? Оның себебі әртүрлі. Соның бірі – заңға байланысты. Яғни, шетелдегі қазақтармен байланыс жасап, оларды атажұртқа көшіріп әкелу жөніндегі кез келген жұмыс Қазақстанның қолданатын заң-ережелеріне сәйкес қолға алынып, айтылатын ұсыныс-талаптар да осыған негізделуі керек. Бізде осы қарапайым мәселе ескерілмейді. Оның есесіне әркім өз қиялынан неше түрлі заң ойлап шығарып, әртүрлі әңгіме айтып, орындамайтын талап қоя беретіні жиі байқалады. Бұл қазіргі кезде жиі айтылатын «Қандас» деген бір сөзден де анық аңғарылады. Яғни, бүгінгі таңда қандас сөзі шетелде тұратын сан миллион этникалық қазақтарға, яғни, диаспора өкілдеріне де, Қазақстанға әлдеқашан келіп, азаматтық алып, тұрақты тұрып жатқандарға да арналып айтыла беретін болды. Ал заң тұрғысынан келгенде бұл ешқандай қисынға келмейтін әңгіме. Өйткені, «қандас» деген атау шетелден кел-

ген қазаққа белгілі бір уақытқа ғана берілетін мәртебе. Яғни, бұл мәртебе шетелден келген азаматтың ұлты қазақ екендігін, соған орай атажұртта тұрақты қалып, азаматтық алуға құқылы екендігін дәлелдейтін құжат қана. Яғни, осы мәртебенің мерзімі біткенше шетелден келген қазақ тиісті құжаттарын жинап, Қазақстан азаматтығын алуға тиіс. Егер азаматтық алып үлгермесе ол енді ешқандай да қандас емес, шетелдік азамат яғни, қазақ диаспорасының өкілі. Ал азаматтық алып үлерсе ондай жағдайда да қандас емес, кәдімгі бәріміз сияқты Қазақстан азаматы. Міне, осы тұрғыдан келгенде шетелден әлдеқашан келіп, азаматтық алып, жұрт қатарлы өмір сүріп жатқан ағайындарды қайтадан қандас деп бөлуді кімнің және не үшін ойлап тауып жүргені түсініксіз. Израиль, Германия сияқты сырт жерлердегі өз ұлтының өкілдерін көшіріп әкеліп жатқан өркениетті елдердің ешқайсысы да атажұртқа оралған ағайындарын тап біз сияқты қандас деп, басқа деп бөліп жармайды. Бәрі де келген репатрианттарына бірден азаматтық беріп, одан кейін олардың бәрін осында бұрыннан тұратын өзгелермен тең құқықтағы азамат деп есептейді. Алыс-жақындағы ағайындарды атажұртқа көшіріп әкелу барысында біз де болашақта осындай өркениетті жолға түсуіміз керек», – дейді 1992–2017 жылдары Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары болған С.Балғабаев.

Мемлекет ісін басқару: Қазақстан азаматы мен қандастар арасындағы айырмашылық қандай?

Конституция бойынша республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды (10-баптың 3-тармағы). Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды (14-бап). Қазақстан азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, сондай-ақ, республикалық референдумға қатысуға құқығы бар (33-бап).

«Халықтың көші-қоны туралы» заңының 1-бабы бойынша бұрынғы отандас – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстанда туған немесе бұдан бұрын азаматтығында болған және шетелде тұрақты тұратын адам. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган. Ал 3-бап бойынша Қазақстан аумағына келу және Қазақстан аумағында болу мақсатына қарай көшіп келудің мынадай негізгі түрлері бар: тарихи отанына оралу мақсатында; отбасын біріктіру мақсатында; білім алу мақсатында; еңбек

қызметін жүзеге асыру мақсатында; гуманитарлық және саяси уәждер бойынша. Яғни, Қазақстан азаматы мен Қазақстанға көшіп келушілердің мемлекет ісін басқаруға қатысуға қатысты құқықтарында бірқатар айырмашылықтар бар.

Бытыр мамыр айынан бастап «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік қызметі цифрлық форматқа көшіріліп, «Электрондық үкімет» (eGov.kz) порталында қолжетімді бола бастады. Бұрын бұл қызмет еліміздің ХҚКО-да және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында көрсетілетін. Енді қызметке eGov.kz порталында тапсырыс беруге болады. Бұл үшін қолданушыда ЖСН және электрондық цифрлық қолтаңба болуы және қызметті алу үшін өтініш беруші барлық міндетті жолдарды толтырып, сұратылған құжаттарды қоса беруі қажет. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі – 4 жұмыс күні. Нәтижесінде өтініш беруші қандас куәлігін алады немесе жергілікті атқарушы орган қандас мәртебесін ұзарту туралы шешім қабылдайды.

Жыл басынан бері қанша адам елге оралды?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, 1 сәуірдегі жағдай бойынша 4 575 этникалық қазақ – қандас мәртебесін алды. Бұнырғы сәйкес мерзімде олардың саны – 3078 болатын. Биыл Өзбекстаннан келгендердің үлесі 66,3-тен 52,4 пайызға, Түрікменстаннан келгендер 10,9-дан 6,3 пайызға азайса, Қытайдан келгендер 11,3-тен 19,3 пайызға, Моңғолиядан келгендер 2,2-ден 5,3 пайызға азайып отыр. Алғашқы тоқсанда қандастардың 13 пайызы Ресейден, 3,7 пайызы басқа елдерден болды. Олар Алматы (27,9%), Маңғыстау (13,9%), Түркістан (6,8%) және Жамбыл (5%) облыстары мен Алматы (9,0%), Астана (11%), Шымкент (6,5%) қалаларына қоныстанды. Қандастардың 69,1 пайызы еңбекке қабілетті жастағы адамдар болса, 22,3 пайызы балалар, 8,6 пайызы зейнеткерлер. Еңбекке қабілетті қандастардың 18,5 пайызы жоғары білімді, 39,9 пайызы орта кәсіби білімді, 36,7 пайызы жалпы орта білімді, тек 4,8 пайызының ғана білімі жоқ.

Министрдің бұйрығымен 2023 жылы қандастар мен қоныс аударушыларға 8 652 адамға өңірлік квота белгіленген еді. Бұл бытырғыдан 566 адамға жоғары. Биыл қандастарға бөлінген квотаның 632-сі – Павлодар, 270-і – Ақмола, 239 – Шығыс Қазақстан, 196 – Абай, 138-і Солтүстік Қазақстан облыстарына бөлініп отыр.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қолдау үшін қосымша субсидия түрінде көмек беру қарастырылған: көшуге – отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (241,5 мың теңге) көлемінде біржолғы төлем; бір отбасына 12 ай ішінде тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу үшін 15-тен 30 АЕК-ке дейін (51,7-ден 103,5 мың теңгеге дейін) төленеді.

Жалпы 2022 жылы 19 178 этникалық қазақ қандас мәртебесін алған еді. Ал 1991 жылдан 2023 жылға дейін елге оралған этникалық қазақтың саны 1 млн 107 мың адамды құрады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТУРИЗМ

«ҮЗДІК ТУРИСТІК АУЫЛ» АНЫҚТАЛАДЫ

БҰҰ-ның жауапты, тұрақты және жалпыға қолжетімді туризмді ілгерілетуге жауапты агенттігі болып саналатын Дүниежүзілік туризм ұйымы (UNWTO) «Үздік туристік ауыл» бастамасына өтініш қабылдай бастады. Ол туризмді ауылды дамыту мен өл-ауқаттың қозғаушы күшіне айналдыру жұмысының бір бөлігі ретінде 2021 жылы іске қосылған болатын.

«Үздік туристік ауыл» экономика, әлеумет және экологияны қамтитын тоғыз саладағы олардың ресурстары мен бастамаларын бағалауға негізделген. Оған қатысу үшін ақы алынбайды. Оған ауыл тұрғындарының саны 15 мыңнан аспайтын кез келген ауыл қатыса алады. Дүниежүзілік туристік ұйым әрбір мүше мемлекеттің ұлттық туризм әкімшілігіне бастамаға қатысушылардың онлайн өтінім



беру үдерісін жүргізуі үшін арнайы код береді. Ұйымға мүше мемлекеттердің ұлттық туристік әкімшіліктері сегіз ауылға дейін ұсына алады. Өтініштерді қабылдау 23 маусымға дейін созылады. Бастаманың тағы ерекшелігі оның өлшемдеріне сәйкес келмейтін ауылдар бағалау

үдерісінде анықталған олқылықтарды жою үшін UNWTO мен серіктестерден қолдау алады. Үздік деп танылған туристік ауылдың аты жылдың соңына дейін ресми түрде жарияланады. Алайда олар ұйымнан ешқандай қаржылай өтемақы алмайды.

Өтінімдерді жалпы таныстыруда және кандидаттық құжатта берілген ақпаратты тәуелсіз Консультативтік кеңес бағалайды. Олардың тәуелсіздігін қорғау үшін өкілетті аяқталғанға дейін мүшелердің жеке басы туралы ақпарат құпия ұсталады. Үздіктерді бағалау үш тілде (EN, FR және SP) «Үздік туристік ауылдар» веб-сайтында қолжетімді.

2022 жылы «Үздік туристік ауыл» бастамасына 57 мемлекеттен 136 ауыл ұсынылды. Олардың арасынан 22 елдің 32 ауылы бұл марапатқа ие болды. Сондай-ақ, 20 ауыл Жаңар-

ту бағдарламасына енді. Соның нәтижесінде Дүниежүзілік туристік ұйымын үздік туристік ауылдар жандандық желісі бес құрлықтағы 115 ауылды біріктіретін болды. Желі бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етеді. Соның ішінде жергілікті және онлайн оқыту, жақсы тәжірибелермен бөлісу және халықаралық брендті тану мен одан хабардар болу.

Бытыр Марокко мен Испаниядан үш-үштен; Австрия, Италия, Қытай, Мексика, Эквадор, Перу, Швейцариядан екі-екіден; Чили, Колумбия, Эфиопия, Грузия, Израиль, Иордания, Португалия, Корея, Сауд Арабиясы, Словения, Түркия, Вьетнамнан бір-бірден 32 ауыл үздік ауыл ретінде марапатталды. Көршілес елдер арасынан оған 2021 жылы Қытайдың екі, Ресейдің бір қаласы ие болған еді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

«ТАУЛАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙ БЕРЕДІ»

«Таулар алыстаған сайын биіктей береді» деген қанатты сөз бар. Байыптап қарағанға, таулар ғана емес, сол таудың табиғаты тектес ұлы істер мен бастамалар да, идеялар да, тұлғалар да уақыт өткен сайын асқақтай түседі.

Заң саласындағы биік тұлғалардың бірі – профессор Байсалов Сағындық Байсалұлы.

Сағындық Байсалов 1928 жылы 1 шілдеде Ташкент облысы Бостандық ауданында дүниеге келген. 1949 жылы Ташкент мемлекеттік заң институтын үздік бітіргеннен кейін Мәскеуге аттанып, КСРО Ғылым академиясының мемлекет және құқық институтының аспирантурасында оқып, 24 жасында кандидаттық диссертациясын қорғайды. Одан кейін туған елі Қазақстанға оралып, жас ғалым ғылыми қызметін Қазақ КСР Ғылым академиясының қабырғасында жалғастырды, онда ол аға ғылыми қызметкер, қоғамдық ғылымдар бөлімінің ғылыми хатшысы болып жұмыс істейді.

38 жасында Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясында Су құқығы бойынша докторлық диссертациясын қорғап, заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алады.

Сағындық Байсалұлы – өз өмірін Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің аграрлық, жер және экологиялық қоғамдық қатынастар саласындағы ғылыми-теориялық және практикалық мәселелерін зерттеуге арнаған белгілі ғалым.

Шамамен 15 жыл бойы ізденімпаз ғалым «Су қатынастарын құқықтық реттеу мәселелері» атты республика экономикасы үшін өмірлік маңызды және өзекті ғылыми тақырыпты зерттеген. Сағындық Байсалов Қазақстанның су құқығының негіздерін қалады деп айтуға болады.

1966 жылы Сағындық Байсалұлы «Қазақ КСР Су құқығы» атты іргелі еңбегін жариялады. Бұл ғылыми жұмысты тек ТМД елдерінің барлық кітапханаларында ғана емес, сонымен қатар АҚШ Мемлекеттік департаментінің, Германиядағы Геллен институтының, Франциядағы Сорбон университетінің кітапханаларында да кездестіруге болады.

С. Байсалұлы 1971 жылдың маусым айынан бастап ҚазМУ заң факультетінің ауыл шаруашылығы құқығы және табиғатты қорғау кафедрасының профессоры, ал 1977 жылдан бастап 20 жыл бойы осы кафедраның меңгерушісі болды. Ғалымның жетекшілігімен 30-ға жуық ғалым кандидаттығын 5 ізденуші заң ғылымдарының докторы атағын қорғады. Осы кезеңде ғалым заңгерлердің бірнеше буынын дайындауға атсалысты. Сағындық Байсалұлын көптеген студенттер әлі күнге дейін жылы сөздермен еске алады, оның оқыған дәрістері бірқатар жастардың ғылым жолын таңдауына түрткі болды.

Олардың қатарында Қазақстан мен жақын шетелдердің танымал ғалымдары, заң ғылымдарының докторлары, профессорлар Д.Дурдыев, И.Бекиев (Түрікменстан), Ж.Холмунинов (Өзбекстан), Б.Абдраимов, Д.Байдельдинов, Л.Еркинбаева, С.Бекишева (Қазақстан) бар.

Сағындық Байсалұлы Қазақстан ғылымында алғаш рет жаңа құқық саласы – «табиғат қорғау құқығы» туралы түсінік енгізеді. Осы уақыт аралығында экологиялық проблемалар бүгінгі күнге дейін қауіп төндіретін ауқымға ие болмаса да, ғалымның данышпандығы оның болашақ құқықтық жүйені дамытудың қажетті бағытын болжап, анықтап беруінде болып отыр.

Профессор С. Байсалов алғашқылардың бірі болып табиғатты қорғау қатынастарының өзара тәуелді сипатын атап өтті. Ол өзінің бірқатар мақалаларында су ресурстарын қорғаудың тиімділігі жерді пайдалануды дұрыс ұйымдастыруға, орман екпелерін отырғызуға байланысты деп тұжырымдады. Сырдария мен Амудария жүйесінің су ресурстарын пайдаланумен байланысты нақты тәжіри-



белік мысалдарға сүйене отырып, ол табиғи ортаның өзара тәуелділігі туралы айтты.

Профессор С.Байсаловтың жолын қуған жалпы экологиялық құқық саласындағы орта, жас буын ғалымдар да көп. Мәселен, Г. Айгаринова, Г. Қабанбаева, А. Джангабулова, И.Кудерин, Б. Қалымбек, Н. Баимбетов, Н. Батырбаев, А. Османов, С. Бекишева, Ж. Исаева, С. Сулейменова және басқа да көптеген талантты ғалымдар құқықтың жаңа саласын — қоршаған ортаны құқықтық қорғауды қалыптастыру идеясын жүзеге асырып жүр.

Профессор С.Б. Байсаловқа Қазақ КСР Жер кодексінің жобасын әзірлегені үшін 1973 жылғы 21 мамырда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен «ҚР Еңбек сіңірген заңгері» жоғары атағы берілді. 1976 жылы қоғамдық және географиялық ғылымдар саласында Ш. Уәлиханов сыйлығының иегері атанды.

1989–1994 жылдары Аграрлық мәселелер және азық-түлік жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің консультанты, 1996 жылдан бастап ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы заңнаманы әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтың төрағасы болды.

Ұлы ұстаз, тәлімгер, табиғатты қорғаушы С. Байсаловты еске алу үшін жыл сайын дәстүрге айналған «Байсалов оқулары» өткізіледі. «Байсалов оқуларында» ғалымның жүргізген ғылыми зерттеулерін талқылап, еске алу, еңбекті білімді жас ғалымдар мен педагогтарға мұра етіп қалдыру дәстүрге айналған.

Қазақстанның тұңғыш эколог-заңгері, белгілі қайраткер Сағындық Байсалұлының туғанына биыл 95 жыл толады. Осыған орай ҚазҰУ заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізуді жоспарлап отыр.

Г.КУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
кеден, қаржы және экологиялық
құқық кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.д.,
профессор

ОРТАҚ КҮРЕСТЕ БІРЛІК МАҢЫЗДЫ

Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа және басқа қылмыстарға бейім болуының көптеген себебі бар. Бұл ең алдымен азаматтардың қызметін артық пайдалануынан орын алады. Кейбір азаматтардың немқұрайлылығы, кәсіпқойлығы мен жеке басының ұқыпсыздығы да сыбайлас жемқорлыққа ықпал етеді.



Қазақстанның заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарына негізінен мемлекеттік қызметкерлер көп ұрынып жатады. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі таңда күрделі мәселеге айналып отыр.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресу үшін халықтың құқықтық білімінің аздығынан, қандай да бір заңға қайшы әрекет орын алған жағдайда қалай әрекет ету керектігін толық білмеуінен орын алады.

Тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетіміз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің заңнамалық тетіктерін кезең-кезеңімен күшейтуде. Сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіретін деңгейде.

Жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асырудың маңызды құралдарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия екені айдан анық. Сонымен қатар, сыбайластыққа қарсы бұл жүйе барынша толық және тиімді жұмыс істейтіні де белгілі. Кейбір елдер жемқорлық құбылысымен

күресте үлкен нәтижелерге қол жеткізіп, оған шын мәнінде қалай қарсы тұруға болатынын өз тәжірибелерінде көрсетіп те жүр. Біздің ұстанатын жол да осы белсенді күрес.

Қазіргі таңда мамандардың айтуынша, көп ереже шарттардың автоматтандырылғанына қарамастан азаматтардың құжат жинамау, көптеген қиындықтарды болдырмау үшін пара беретіні белгілі. Сондықтан, әрбір адам бұл күресте өзінің іс әрекеттеріне баға беріп үйренсе және халықтың қандай да бір мемлекеттік қызметтерді алуы оңайлап, халыққа пара туралы ойланбайтын жағдай жасау үшін мемлекетіміз атсалысатын болса, біз бұл күресте міндетті түрде жеңіп шығатынымыз анық.

Келешек ұрпағымызбен еліміздің гүлденуі үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әлемдік тәжірибені зерделеп, бұқаралық ақпарат құралдарында көрнекі өмірлік мысалдарды жариялап, сыбайлас жемқорлыққа қарсы кең ауқымды насихат жұмыстарын жүргізу қажет.

Жадыра ИЗИМОВА,
Атырау қалалық сотының
аға сот приставы

Еліміздің сот жүйесі – адам құқығы мен бостандығы сақталуының, қоғамдағы тұрақтылық пен дамуының қамтамасыз етілуінің бірден-бір кепілі екені белгілі. Ал, сот төрелігін жүзеге асырушы басты тұлға – судья. Судья – сот жүйесінде сот органының құрамына сайланған немесе тағайындалған лауазымды адам, сот билігін атқарушы.

«ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ»

Елімізде қазылардың құқықтық жағдайы Ата Заңда көрсетіліп, ҚР «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңында айқындалған. Одан бөлек, судьялардың сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз екені және тек Конституция мен заңға ғана бағынатыны айқындалған.

Судья іс қараған кезде білімі мен зеректігінен бөлек, көпшілік ортада әдептілік нормаларын да мүлтіксіз сақтайтын адам болуы қажет. Себебі, қай заманда да ұлы халқымыз «Әділ бидің елін дау араламайды», «Бидің жолы – ақ, судың жолы – сара», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – деп би-қазыларға сенім артып, құрметтерін асыра білген. Иә, судья болу – мәртебелі міндет. «Сырт көз – сыншы», демекші қазылық етуді таңдап, судья лауазымын иеленгендіктен белгіленген шектеулерге де бағынуы қажет. Сондықтан, мемлекет атынан шешім шығарып, қоғамның сенімін арқалаған қазылар қауымы қызметте болсын, мейлі қызметтен тыс уақытта да Судьялық әдеп кодексінің талаптарын сақтай білуі шарт. Еліміздегі Судьялық әдеп кодексі ҚР судьяларының VII съезінде 2016 жылғы 21 қарашада қабылданған еді.

Аталған кодекстің алғашқы бабында судья берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс екені айқындалған. Сондай-ақ, судья заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаттарын қорғап, жүзеге асыра отырып, сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және судьяның абыройына

нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіс. Одан бөлек, әрбір судья сот отырысын жүргізудің жоғары мәдениетін қамтамасыз етіп, өзін лайықты, әдепті ұстауға тиіс. Қазылардың кәсіби міндеттерін атқарған кездегі жүріс-тұрысы судьяның адалдығы мен сатылмайтындығы туралы қоғамның сенімділігін қалыптастырып, нығайтуы қажет. Судьяның соттан тыс жердегі жүріп-тұруы, процеске қатысушылармен өзара қарым-қатынасы соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сенімділігін сақтауға ықпал етуге тиіс. Сонымен қатар, судьялар нақты сот ісі бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі адамдармен процестік және өзге де заңнамада көзделмеген кез келген қарым-қатынас деп түсінілетін процестік емес байланыстарды, судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына негізделген күмәннің туындауына алып келуі мүмкін болса, болдырмауы қажет. Бір айта кетерлігі, аталған кодексте көрсетілген жүріс-тұрыс қағидаларын Қазақстанның барлық судьяларымен қатар, отставкадағы судьялар да орындауы қажет.

Өкінішке қарай, әлеуметтік желі және БАҚ беттерінен әдептілік нормаларынан шығып, әдепсіздігімен көптің сынына ұшыраған судьялар туралы ақпараттарды да кездестіріп жатамыз. «Бір құмалақ бір қарын майды шіретеді», демекші, бір судьяның тарапынан жіберілген білместік бүкіл сот жүйесіне сын келтірері анық. Ендеше, жауапкершіліктің зор жүгін арқалаған әрбір судьяның міндеті – туралықтан танбай, қоғамның сенімін ақтап, сот төрелігінің дамуына үлес қосу болып табылады.

Гульфайрус ҚОЙБАҒАРОВА,
Ақтау қалалық
сотының судьясы

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҰМЫСТЫ ОҢТАЙЛАНДЫРДЫ

Ғылым мен техника қарыштап дамыған қазіргі уақытта өркениетті елдер қағазбастылықтан арылып, электронды сот өндірісіне көшуде. Бүгінгі заман талабына сәйкес еліміздің сот жүйесінде электронды сот төрелігін дамыту ісіне үлкен мән берілуде. Қазақстанда сот жүйесін жетілдіру бойынша көптеген реформалар сәтті жүзеге асырылып, нәтижесінде Республикамыздың сот жүйесі жұмысының сапасы уақыт өткен сайын артып келеді. Қазіргі таңда соттың және сот билігінің беделін нығайту, қоғамда соттың әділдігіне, бейтараптығына және тәуелсіздігіне сенімді орнықтыру және сот төрелігінің жариялылығы мен ашықтық қағидасын іске асыру үшін, соттарға енгізілген жаңа технологиялар сот ашықтығының кепіліне айналды.

Сот жүйесінде жаңа технологияларды қолдану аясы кеңейіп, ақпараттық сервистерді және оларды пайдалану механизмдері күн өткен сайын жетілдіріліп жатыр. Электронды сот төрелігі соттардың қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді, сонымен қатар, сот ісі жүйесін автоматтандыруды жеделдетеді. Соттарда электронды технологияларды қолдану – процеске қатысушы азаматтарға қолайлы жағдай жасауды, сонымен қатар, сот актілерінің сапасын көтеру мен істерді қарау мерзімін жылдамдатады және сот төрелігінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуді көздейді.

Сот жүйесі жұмысын оңтайландыру, сот төрелігін жеңілдету мақсатында «Сот кабинеті» сервисі іске қосылды. Сот кабинеті – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып са-

налатын, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Бұл сервис азаматтардың, ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын жолдауына, арыз-шағымдарын қашықтықтан беруіне және сот процесіне қатысушылардың іс жүргізу кезінде қабылданған сот актілерімен және басқа да қажетті ақпараттармен танысуына мүмкіндік береді. Әрбір сотқа жүгінген азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін Халыққа қызмет көрсету орталығынан электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет. Қазіргі таңда біздің сот кабинетін пайдалану соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады.

Сонымен қатар, соттарда дыбыс-бейнежазба жүйелерінің барлығы талапқа сай орнатылып, өз дәрежесінде қолданылуда. Сот процесінің дыбыс-бейне жазбаға тіркелуі соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар, іске қатысушылардың да мәжілісте өздерін барынша заңға сай ұстап, сотты сыйлауына ықпал етіп отыратынын көрсетіп отыр.

Ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы және осыған байланысты қоғам сұранысының артуы оны сот жүйесінің қызметінде пайдалануды ұдайы жетілдіруді қажет етеді. Еліміздің сотқа деген сенімін одан сайын арттыру мақсатында осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

А.ТОЛЕНТАЕВ,
Тараз қаласының
мамандандырылған тергеу
сотының бас маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сөз реті келгенде айтып өтсем, негізі инфрақұрылым латынша – төменгі деген ұғымды білдіреді. Ал аграрлы облыста ең төменгі жұмыс орны ауыл шаруашылығы саласына баса назар аудару керектігін аңғартады. Түгін тартсаң майы шыққан Жетісу жерінің төл дақылы қант қызылшасын талапқа сай өсіріп, өңірдегі екі зауытты қамтамасыз ету көп еңбекті қажет етеді. Саланы жандандыруға ауыл тұрғындары тартылса халықтың тұрмысы түзеліп қоймай, облыс экономикасын көтеруге де ықпал етері анық.

Жетісу облысы бөлінгеннен кейін аймаққа жаңа инвестиция тартылып, шалғай жатқан аудандарды дамытып, қалпына келтіру жоспарланған. Соған орай табиғат-ананың теңдессіз сыйы Алакөл мен Балқаш көлін заңнама шеңберінде тиімді пайдаланып, туризм саласын дамыту үшін инвестиция тартуға ұмтылсақ ұтарымыз көп. Алакөлдің кереметін ғылыми тұрғыда дәлелдей білсеңіз әлем саяхатшылары Жетісу жеріне ағылары анық. Туристер көбейген сайын тіршілік қайнай түсетіні тағы бар. Осылайша қызмет көрсетудің сан алуан түрі пайда болған сайын қаражаттың қайнар көзі ашыла береді. Бұл іс алға басу үшін тәртіп қажет. Талап – реттілік. Азаматтар өз қауіпсіздігіне сенгенде, өз құқығының тапталмайтынына көзі жеткенде кәсіп алға дамиды. Жетісу жері жандансын десек, қазақстандықтармен қатар шетелдіктердің де құқықтарын мінсіз қорғауға тиіспіз. Өйткені, біз Ата Заңымызда жазылғандай құқықтық мемлекет ретінде орнығып келе жатқан елміз. Осылайша Жетісу өңіріне тың серпін беріледі деген пікірдемін және де алдағы уақытта облысымыздың өркендейтініне кәміл сенемін.

– Облыстық сот құрамының ықшамдалуы сот жүйесінде тиімділікке, іс қарауда судьяларға түсетін салмақты жеңілдету секілді ерекшеліктерге жол ашты ма?

– Салыстырмалы түрде айтатын болсам, қазір Алматы облысында 1,5 млн-нан астам тұрғын бар. Ал Жетісу облысында 700 мың адам тұрады. Яғни, Алматы облысының құрамына 9 аудан (380 елді мекен), бір қала, ал Жетісу облысына 8 аудан (352 елді мекен), екі қала кіреді. Өндірістің басым бөлігі Алматы облысының шекарасында қалған, Жетісу облысының жұрты көбінесе ауыл шаруашылығымен айналысады. Осы статистикалық мәліметке қарап, сотқа келіп түсетін істердің де өндіріс, сауда, жер мәселесі тұрғысынан болатындығын, істердің басым бөлігі Алматы облыстық сотының қарауына тіркелетіндігін ашық айта аламыз.

Бірақ, Жетісу облыстық сотына түсетін істер де аз емес. Заман ағымына сай дау да біткен емес. Бүгінгі таңда елімізде жер дауы ерекше екпін алып келе жатқаны бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып та, жазылып та жүр. Мұндай дау біздің облыста да бар. Жер дауына байланысты азаматтық істерге талдау жасағанда ауыл адамдарының сенгіштігіне қайран қалатын кезіміз көп. Қарапайым ғана бір мысал, Кеңес өкіметі ыдырағанда фермалардан пай үлесіне тиген жылжитын, жылжымайтын мүліктерін жинап, заман талабына сай шаруа қожалығын құрған тұрғындар өз ортасынан бір адамды басшы ретінде сайлап, өздері күнделікті тіршілік қамымен жүре берді. Енді елдің малы өсіп, көбеюде. Сол малды жазда жаятын жайылым, қысы азығын дайындайтын шайындық, егістік жер тапшылығы туғанда ауылдастар арасында жер дауы пайда болды. Арызданушылардың заңды білу, сыйлау, құрметтеуден тұратын құқықтық мәдениетінің тым төмен еместігі де талап арыздарында көрініп тұрады. Жауапкерлердің кейбірі, әсіресе, жастар жүздеген гектар жерді өздері игере алмай субарендаға беріп, қымбат көлік мініп, ірі қалаларды маңайлап жүреді. Мұндай дауларды судьяларымыз мұқият оқып, тыңғылықты дайындалып басы ашылмаған даулы жерге мұрагерлікті заңнама талабына сай рәсімдемегенін, жылдар бойы алданып жүрген ауылдастар конституциялық құқығының бұзылғанын енді ғана біліп сотқа талап арыз түсіргенін, жалпы шаруа қожалығының төрағасы деген лауазымның хан тағы емес, сайланбалы лауазым екенін ұғындырып, тараптарды медиациялық тәсілмен келісімге келтіруге мүмкіндік беріп жатады. Түсінген адамға бұл адамгершілік деген асыл қасиеттің бір тармағы. Қалай десек те біз бір елдің тұрғынымыз. Бүгін болмаса да ертең басымыз бір жерде тоқайласары хақ. Сонда бір-біріміздің жүзімізге



Erjan KENENBAEV, Жетісу облыстық сотының төрағасы:

«СОТ ӘДІЛ ТӨРЕЛІГІМЕН МЕМЛЕКЕТ БЕДЕЛІН КӨТЕРУГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ КЕРЕК»

ӨМІРДЕРЕК

Erjan Әбдірақымұлы KENENBAEV, 1964 жылы 20 сәуірде Алматы облысында дүниеге келді. 1992 жылы эл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірді. Сот жүйесіндегі алғашқы қадамы 2007 жылғы ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес Алматы облысы Панфилов аудандық сотының судьясы лауазымынан басталды.

2014 жылдан 2022 жылдың қыркүйек айына дейін Алматы қалалық сотының судьясы лауазымын атқарды. ҚР Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі №1009 Жарлығымен Жетісу облыстық сотының төрағасы лауазымына тағайындалып, қызмет атқарып келеді.

автоматты түрде бөлу қағидаттарын бұзу, істерді бөлуге араласу заң бойынша жауаптылыққа алып келеді.

– Судьяның ар-намысы, құқығы, жұмысына қатысты келеңсіздіктер жиі орын ала ма?

– Қазақстан Республикасы судьяларының VII съезінде қабылданған Судьялық әдеп кодексінде әдеп нормаларын сақтау туралы судьялардың жүріс-тұрысының Бангалорлық қағидаттары мен қағидалары ескерілген. Бұл құжаттың 1-бабында «Судья берген аңтына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне берік болмай, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиіс» деп нақты жазылған. Бұл заңнама талабы. Сондықтан зиялы қауым өкілі ретінде де судьяларымыз сабырлық пен байсалдылықтың, ұстамдылықтың ерен үлгісін көрсетумен ерекшеленгені абзал. Сот әділ төрелігімен мемлекет беделін көтеруге қызмет етуі керек. Жетісулық судьялардың бұл міндетті мінсіз сақтап жүргеніне, алдағы уақытта да сақтай беретініне кәміл сенемін.

Ал, судьялардың құқығы, тәуелсіздігі Ата Заңымызда және «Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңында және өзге де заңдарда жазылған. Ешкімнің сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуға және судья мен алқа билерге қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ. Мұндай әрекеттер заңмен қудаланады.

– Таяуда Мемлекет басшысының Қылмыстық кодекстің жеке негізінде өзгерістерге қол қойғаны мәлім. Бұл қандай өзгерістер?

– Мемлекет басшысы 17 наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ, азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Аталған заңның мақсаты – сот ісін жүргізу саласында адам құқығын қорғау болып табылады.

Бұл заң – елімізде жүргізіліп жатқан саяси және құқықтық реформалар аясында Қазақстанның азаптау мен қорлаудың басқа да түрлерін жоюға, осы мәселе бойынша халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуге, сондай-ақ, сотталғандардың құқығын кеңейтіп, түрмедегі теріс субмәдениеттің қалыптасуына жол бермеуге бағытталған жүйелі қадимның жалғасы. Атап айтқанда, құжатта мынадай нормалар қарастырылған:

– қатыгез немесе адамның қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас үшін жауапкершілік қарастырылады;

– азаптау үшін қылмыстық жауапкершілік тарту шаралары қатандырылады;

– заңсыз әрекеттердің алдын алу үшін тереу амалдары кезінде дыбыс және бейне таспалау жүйесін қолдану мүмкіндіктері кеңейтіледі.

Сонымен бірге, заң сотталған адамдарға бірқатар қосымша құқық береді:

– ауыр сырқатқа шалдыққан жағдайда оларға жазаны өтеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы

Сонымен қатар, аудандық соттың төрағаларын кадр резервиндегі және өз-өзін ұсынған азаматтардың арасынан сайлау тетігі енгізілді. Судьялар қауымдастығы кандидатты өзі ұсына алатын болады.

Бұдан басқа, қабылданған заңға сай, Сенат Жоғарғы Соттың судьяларын да баламалы негізде сайлайды. Сенатқа кемінде екі судьяның кандидатурасы ұсынылады. Қабылданған түзетулер Жоғарғы Сот Кеңесінің анық кадрлық функциялары бар толыққанды институт ретіндегі мәртебесін одан әрі нығайтуға бағытталған. Осы заңнамалық өзгерістер Жоғарғы Сот Кеңесінің соңғы жылдары жүзеге асырып жатқан іс-шараларының жалғасы болып табылады. Заңнамалық түзетулермен Жоғарғы Сот Кеңесіне судьялыққа кандидаттарды даярлау, олардың біліктілігін арттыру, шекті жасты ұзарту, жұмыс істеп жүрген судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату сияқты бірқатар мәселелер беріледі. Атап айтқанда, 2024 жылғы 15 шілдеден бастап судьяларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру

мәселелерімен айналысатын Сот төрелігі Академиясы Жоғарғы Сот Кеңесіне берілетін болады.

Сондай-ақ, судьяларға Жоғарғы Сот Кеңесіне:

– зейнеткерлік жасқа немесе шекті жасқа толғаннан кейін судья лауазымында болу мерзімін ұзарту;

– судьяның өкілеттігін тоқтату;

– сот қайта ұйымдастырылған немесе таратылған, тиісті сот судьяларының саны азайған, сондай-ақ, сот төрағаларының өкілеттік мерзімі өткен жағдайларда жол берілетін судьяларды конкурстан тыс тағайындау мәселелері бойынша тікелей жүгіну құқығы беріледі.

Егер бұрын Жоғарғы Сот Кеңесі Жоғарғы Соттың ұсынуы бойынша жоғарыда аталған мәселелерді қараған болса, енді қабылданған түзетулерге сәйкес судьялар өтінішпен тікелей Кеңеске жүгінуге құқылы. Бұдан басқа, Жоғарғы Сот Кеңесі төрағасының құзыретіне судьялардың өкілеттігін тоқтата тұру мәселелері берілді. Жоғарыда аталған рәсімдер судьялар тәуелсіздігінің кепілдіктерін күшейтуге бағытталған.

– Кәмелетке толмаған ісі де қоғамның басты назарында. Заңнамаларға жасөспірімдер құқығын қорғауға қатысты да өзгеріс жасалғаны белгілі.

– Иә, Президент осы жылы 27 наурызда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне процестік заңнаманы жетілдіру және сот жүйесін реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына да қол қойды. Бұл заңның мақсаты – іс жүргізу заңнамасын жетілдіру және сот жүйесін реформалау, оның ішінде ювеналды соттардың қызмет ауқымын кеңейту, апелляциялық сатының рөлін күшейту, өкілдердің іс жүргізу мәртебесін жетілдіру және өкілшілік органдар басшыларының жауапкершілігін күшейту болып табылады.

Соның ішінде, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың құзыретіне кәмелетке толмаған балалар болған кезде некені бұзу және мүлкті бөлу туралы азаматтық істер жүктеледі. Апелляциялық сатының рөлін күшейту бөлігінде іс жүргізу заңнамасы және сот жүйесін реформалау жетілдірілді. Бұл судьялық қателіктердің санын азайтуға, сот актілерінің сапасын арттыруға, сот практикасының біркелілігін қамтамасыз етуге, азаматтар мен кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын тезірек қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Аталған заң соттардың қызметін жетілдіруге мүмкіндік береді және судьялардың шын мәніндегі тәуелсіздігін одан әрі күшейтуді қамтамасыз етеді. Бұл заңда сот жүйесін одан әрі дамытуға бағытталған өзге де түзетулер қарастырылған.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті».

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Соңында «мен алдандым» деп санын соғып, бармағын тістейді. Бірақ кеш түсінеді оны. Осылайша елімізде интернет алаяқтық күннен-күнге өршіп барады.

Ұйғыр ауданы: дерек пен дәйек

Интернет алаяқтықтың аудандағы жайын білу мақсатында Алматы облысы, Ұйғыр аудандық полиция бөліміне арнайы бардық. Бізді қарсы алған криминалды полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция капитаны Дамир Маратұлы ауданда өршіген алаяқтық туралы кеңінен мағлұмат берді. Биылғы төрт айда интернет алаяқтық туралы 16 іс тіркелген. Бүгінгі күнге дейін оның тоғыз ашылды. 2022 жылдың 4 айында небәрі 2 қылмыс қана тіркелген екен. Ал жалпы 12 ай ішінде 15 шағым түсіп, үшеуі ғана ашылды. Байқап қарасаңыз, биылғы 4 айдың ішіндегі қылмыс, өткен бір жыл ішіндегі қылмыстан да асып кетіп отыр. Әрине, бұл тек шағымданушылардың ғана есебі. Ал аз қаражатқа алданып, сан соғып, полицияға арызданбағандары қаншама.

Полиция қызметкерлерінің айтуынша, алаяқтардың басты құрбандары ұстаздар, дәрігерлер және мемлекеттік қызметкерлер екен. Себебі құрығы ұзын қылмыскерлер зейнетақы жарнасы тұрақты төленіп отыратын, жалақысы жоғары, несие тарихы бұзылмаған, яғни банк несие беруден бас тартпайды деген адамдарды іздейді екен. Сондықтан да олар ең алдымен жоғарыда айтылған қызметкерлерге тор құрады. Осы себепті де біздің ауданда сол алаяқтардың құрған торына түскендер арасында ұстаздар қауымы көп екен. Осы мәселе турасында әңгіме өрбітіп отырғанымызда тағы бір мектеп мұғалімі полиция бөліміне өзінің алаяқтарға алданғанын айтып, шағым түсіруге келіпті. Бақандай 10 миллион теңге несие мені мойнына артқан алаяқтардың құрбаны болған жанмен тілдесіп көрдік. Басынан өткен ауыр жайды айтып беруге келіссе де кейіпкеріміз аты-жөнін жасыруды сұрады. Өйткені, мұндай күйге түскенің ешкімге, тіпті жақындарына да тіс жарып айтпаған екен.

Сол күні Н. есімді азаматшаға Kaspi bank қызметкерімен деп әлдекім 00000 деген нөмірден қоңырау шалады. Телефон нөмірін



ауыстырғалы жатқаны жайында сұрайды. Н. дереу ешқандай нөмір ауыстырмағанын айтады. Сол кезде «банк қызметкерімен» деген азамат жәбірленушіге оның атындағы есепшотқа шабуыл жасалып, болмаса төлем картасындағы қаржысын біреулердің жымқырмақ болып жатқанын айтып, дереу AnyDesk деп аталатын арнайы бағдарламаны жазып алуға кеңес береді. Осы арқылы өздері күдіктенетін банк қызметкерлерін ұстап, есепшотын қауіпсіздікте ұстайтындарын айтады. Есепшотқа қауіп төніп тұр дегенді естіген Н. бірден аталмыш бағдарламаны телефонына жүктеп алады. Осы кезде ватсап желісі арқылы қоңырау шалған алаяқтар өздерін екінші деңгейлі банктің қауіпсіздік қызметкерімен деп таныстырады. Тіпті, арнайы қызметтік куәлігін де жібереді. Ұлттық банк төрағасының қолы қойылған куәлікті көрген азаматшада ешқандай күдік болмайды. Бағдарлама жүктелгеннен кейін «банктің қауіпсіздік қызметкері» код жібереді де соны енгізу қажеттігін айтады. Осыдан кейін алаяқ автоматты түрде жәбірленушінің құрылғысына қашықтан кіре алады. Мәселен, ұялы телефондағы банк

қосымшасына кіріп, бүкіл қаржыны басқара алады, депозиттегі ақшаны толығымен шешіп алып, тіпті банкке онлайн өтініш қалдырып, кез келген сомда несие рәсімдей алады. Міне, дәл осы схеманы біздің жәбірленушіге қолданған алаяқтар бірер сағат ішінде үш бірдей банктен жәбірленуші атынан 10 миллион теңгеге несие рәсімдеп, іздерін жасырған. Н-нің айтуынша, телефонның арғы жағындағы жанның дауысы да сондай сенімді, әрбір сөзі анық, өзі туралы ақпаратқа қанық, сезік тұдырмастай болған екен. Бірақ бірер сағат бойы телефон тұтқасын қойдыртпай, басқа жақтарға қоңырау шалдырмай, психологиялық тұрғыда шабуыл жасай отырып, жұмыс істеген. Үй алсам деп армандап жүрген азаматша есепшотындағы біршама қаражаттың қолды болып кетуінен қорқып, алаяқтардың дегенінен шыға алмаған. Тіпті, банктің коллорталықтарына хабарласуды да ойламаған. AnyDesk бағдарламасын жазып алған соң өзінің ұялы телефонын алаяқтардың толық бақылауында болғанынан да хабарсыз болған. Осылайша бала-шағасының нанын тауып беруді, баспана алып, бас қайғысынан құтылуды ойлап жүрген

жан бірер сағат ішінде банк алдында борышкер атанды. Біздің кейіпкеріміз дәл сол күні бірнеше танысына осы тектес қоңырау шалынғанын кейіннен естиді. Солардың бәрі – мұғалімдер мен дәрігерлер.

Оңбай алданған Н. есімді азаматша өзгелердің де осы кепті кимеуін сұрайды. Ұдайы банктердің колл орталықтарының телефондарын, мейлі ол өзіне қатысты емес болса да сақтап жүруін өтінеді. Өйткені өзін сол орталықтардың нөмірлерін білмеуі себепті де осындай жемтікке айналып отырғанын айтады. Алаяқтардың басты ерекшелігі тек орыс тілінде сөйлейтіндігі екен. Сонымен қатар өздерін банк қызметкерімен, қауіпсіздік қызметімен деп таныстыруы да басты белгілердің бірі.

Ойланбай жасаған қадам опық жегізеді

Цифрлық технологияның пайдасы шаш етекпен болып, жұмыс процесін жеңілдеткенімен, қылмыс әлемінің сипатын, түрін өзгертті. Тіпті, қылмыстың көбеюіне септігін тигізді. Әрине, қолда бар құрылғыларымызбен айшылық алыс жерлерден жылдам хабар аламыз, сауда-саттық жасаймыз, дер кезінде ақпарат алып, дер кезінде жұмысымызды жылдамдата аламыз. Бірақ XXI ғасырдың жетістігі кері әсерін де мольнан тигізуде. Техника тілін жетік меңгерген әккі қылмыскерлер цифрлық технологияның озық үлгілерін өз пайдаларына қолданып бағуда.

Ал енді елімізде көп тараған интернет алаяқтықтың түрлеріне тоқтала кетсек. Интернеттегі алаяқтықтың ең жиі кездесетін түрі – жоқ тауарды сатып алып, алдын ала төлем жасау. Әсіресе, әлеуметтік желілер дамыған заманда мұндай алаяқтық түрінің жиі кездесуі түсінікті де. Өйткені, қазір еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін әлеуметтік желілердің жанкүйерлері. Ондағы көз жауын алар тауарлар, қолжетімді баға кез келген адамды арбап алары анық. Мұндайда дүкен туралы ақпаратты толық тексеріп алып, оның нақты мекенжайының бар екеніне көз жеткізіп, пікірлер топтамасына зер салып барып, тапсырыс берген жөн екенін айтады мамандар.

Екінші түрі – банк қызметкері болып қоңырау шалу. Яғни алаяқ өзін банк қызметкерімен деп таныс-

тырып, сіздің есепшотыңыздағы қаржыға қауіп төніп тұрғанын айтады. Осылайша сіздің жанды жеріңізден мықтап ұстап, сізге жіберілген кодты айтып беруіңізді сұрайды. Ал кодқа қол жеткізген соң сіздің есепшотыңыздағы ақшаны өз қалауыңа пайдалануға мүмкіндік алады. Бұл жағдайда банк қызметкерлерінің ешқашан код сұрамайтынын ұмытпаған абзал.

Үшіншісі – басқа адамның құжаттары арқылы онлайн қарыз алу. Сондықтан құжаттарыңызды әсіресе бейтаныс адамдарға бермеген дұрыс.

Мұнан басқа, соңғы кездері банк қосымшасы арқылы «қаражатты қателесіп аударып қойыппын, қайта жіберіп берсеңіз», болмаса ватсап желісі арқылы танысыңыздың атынан қиналып тұрғанын айтып, қарызға қаражат сұрау да жиі кездеседі. Ондай кездерде де нақты көз жеткізбей қаражат аудармаған абзал. Өйткені сіз ойланбай жасаған әр қадам үшін опық жеуіңіз мүмкін.

Полиция ескертеді: «Жеті рет өлшеп, бір рет кес!»

Мемлекет басшысы да өз жолдауында алаяқтыққа, соны ішінде қаржы пирамидалары мен интернет алаяқтығына қатысты құқық қорғау органдарына кешенді әрі нақты шараларды әзірлеуді тапсырған болатын. Себебі, статистикаға сәйкес еліміздегі барлық қылмыстың оннан бір бөлігі алаяқтыққа қатысты екен. Бұл тіпті дүниежүзі елдерінің басты бас ауруына айналып отыр.

Бір өкінерлігі бұл қылмыстардың ашылу деңгейі де өте төмен. Өйткені, әккі қылмыскерлер ауыстырмалы нөмірлер арқылы қоңырау шалады. Бір реттік нөмірлерді қолға түсіруге өте қиын. Егер қаржы аударылған есепшотқа қол жеткізу қажет болса, оған арнайы санкция керек екен. Ал санкцияға рұқсат алғанша 4-5 күн өтіп кетеді. Бұл аралықта қылмыскерлер жымқырған қаражатты бірнеше шотқа аударып, қолма-қол ақшаға ауыстырып үлгереді. Осылайша ізін суытады.

Интернет алаяқтықтың күн өткен сайын өршіп бара жатқанын алға тартқан Ұйғыр ауданының полиция қызметкерлері әрбір азаматқа күдікті қоңырау мен хабарламалар түскенде бірден банкке хабарласуға кеңес береді. Өйткені, алаяқтықтан ешкім де сақтандырылмаған. Тіпті, құқық қорғау қызметкерлерінің ішінде де осындай алаяқтардың алдауына түскендері бар екендігін айтты. Тек әр жанның өз түйсігі мен ақыл-оймен қадам жасауы ғана алданбаудың алдын ала алады. «Жеті рет өлшеп, бір рет кесіңіз», яғни сенімді болмасаңыз бақыр тиын да құрбан етпеңіз.

Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ,
ҰЙҒЫР АУДАНЫ,
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

«ОТБАСЫҢА ИЕ БОЛ, ОТАҒАСЫ»

Бұдан отыз жылдай бұрын, тура осындай тақырыппен «Жас Алашта» жазушы, журналист Бауыржан Омарұлының көлемді дүниесі жарияланғаны есімде. Онда жазушы отбасы тәрбиесі туралы тамаша тәмсіл айтқан-ды.

Осы тақырыпқа қайтып оралуымыздың басты себебі, былтырғы өткен Президенттік сайлауға түскен алтаудың бірі, биыл Мәжіліс депутаты болған Қарақат Әбденнің Парламенттегі алғашқы сауалы. Депутат ханым: «Шетелдіктерге тұрмысқа шыққан қазақ қыздары Қазақстанға салық төлесін!»,- деді. Мұны жұрт басында ел назарын басқа жаққа бұру үшін арнайы жасалатын жобалардың бірі ме деп те болжады. Рас, мұны өзіміз ешқашан орындамайтын, айтылып-айтылып жауыр болған, ешкім селт етпейтін арзан әңгімеге балағанымызбен, бұл тақырыптың өзектілігі артқан секілді. Осы жерде өзге елдер мысалына үңілейікші: мәселен, өзге елдің азаматы түркімен қызын алатын болса ел қазынасына 50 мың АҚШ ақшасын құяды. Олар түркімен қызы тұрмақ, тіпті, атышулы ақалтекесі мен алабайының ұрығына дейін ұрлық жолмен елден шығаруға тыйым салған. Ел қазынасы, ұлттық құндылық болып табылатын барлық нәрсенің елден рұқсатсыз шығарылуына тыйым салған және өте қымбат бағаланады. Азаматтарының жұмыс күшін тым арзанға

бағалағанымен, қыздарын қымбат бағалай алатын ала тақиялы ағайын гөзәлі үшін шетелдік күйеу баладан – \$40 мың, түріктер – \$80 мың, әзірбайжандар – \$50 мың доллар талап етеді.

Жапон қыздары шетелдікке тисе азаматтығынан шығарады, күйеуі тұрмақ туған баласына да азаматтық бермейді. Осындағы жапон келіні бар ағамызға хабарласып осы мәселені анықтап беруін сұрағанымызда ол кісі де: «Жапондар кірмелерге азаматтық бермейді, қыздары да азаматтықтан шықпайды, ол рас», – деп нақтылай түсті.

Ал Кореяда қыздарының шетелдіктерге тұрмысқа шығуына ғана емес, біздегі жеті аталықтың жетілген түріндегідей аталас некеге де заңмен тыйым салынған. Бөгде күйеу балаларға азаматтық та бермейді екен.

Ал мұсылман заңымен жүретін 22 араб елдерін айтпасақ та белгілі. Шетелдіктерге қызы тұрмақ, азаматтығын да бермейді. Израильде тіпті қыздарына қытай ұлтымен тұрмыс құруға заңмен қатаң тыйым салған. Бұлармен салыстырмалы түрде қарасаңыз, өз елінде құқығы

қорғалмаған жалғыз ұлт – әлемде тек қазақ сияқты болып көрінеді.

Қазақстан азаматтығын алып алғандар сонымен қатар қос мемлекеттің азаматтығын қосарлана иемденумен қатар осындай келімсектер керісінше қазақтың жер асты, жер үсті байлығының біраз бөлігіне үстемдік ететіні де жасырын емес. Яғни, Қарақат ханымның қапаланатынындай бар сияқты. Қызы тұрмақ, итне дейін қадірлеп жатқан түрікменнен қай жеріміз кем? Қорғағанның несі айып? Итті жақсы көретін көкелеріміздің арқасында төбеті мен тазысын енді танығанына естері шыға қуанып жатқан ағайын, қыздарын да қорғаймыз десе неге қарсы боламыз?

Тіпті, көптеген елдерде еркін тауда жасау үшін базарындағы орындарды да сана өз ұлтының өкілдеріне береді деген ақпаратқа сенсек, бізге ешкімнің өкпесі жоқ сияқты. Керісінше, біздің базар тұрмақ, баспанамыз да, асханамыз да басқалардың басқаруында кетті.

Ол аздай, соңғы кездері туысқан деген түріктерді қойып, Африкаға аңсары ауғыш қыздардың қарасы көбейіп барады. Мұндай күйеу балалар аман болса жуық арада нағыз «қарадомалақ» жиендермен жиі ұшырасамыз. «Қыз намысы – ел намысы» деп төрге оздыр-

ған қарындастың жатыры жатқа бұйырып жатқанда кім араша болмақ? Төбеті мен тазысының құқығын қорғай білген елге қарындастың құнын қуса несі айып?

«Руыңды сақтаймын десең – ұлыңа, ұлтыңды сақтаймын десең – қызыңа ие бол» деп қызына қырық үйден тыйым салған ата дәстүрін сақтасақ. Осындай әңгімелер қозғалғанда менің есіме ертеректе, ауылға әкелінген асыл тұқымды айғыр туралы оқиға орала береді. Кеңестің кезі. Қора-жай, жағдай біртүрлі жасалынып қойған. Ауыл адамдарынан артық күтімді қажет ететін жылы қорада күтілетін әлгі айғырлардың құйрық-жалына танданып, тамсанып отырғандарға қарап, әкем марқұмның: «Үйге сиіп-тышатый айғырдан қандай тұқым алмақсыңдар?» дегенін сол сәт түсінген жан болды ма екен, сірә? Сол сөздің төркінін енді ұғынғандаймын.

Бұл жерде басқа ұлтты кемсіту немесе қорлау емес, әу бастан, «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» деп балаларын жетесіне жеткізе тәрбиелегенде ұрпағының ертеңіне алданмаған болар едік. Олай болса, Қарақаттың да сөзін бір намысты қазақ қызының қыжылы деп қарайық.

Мемлекеттік тұрғыдан тыйым салмас үшін «Отан отбасынан басталады» деген қағида-ны қатаң ұстаған әрбір отағасы отбасына ие болып, бала-шағасына дұрыс тәрбие бере алғанда ғана бәрі оңалатынын естен шығармайықшы.

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

Ана тілі – әр ұлттың негізі, қасиетті де қадірлісі. Ол – атадан балаға мирас болып қалатын баға жетпес асыл мұра. Тіл – ұлтымыздың болмысы, таусылмас қазынасы. Халқымыз анасының ақ сүтімен дарыған тілінің тазалығын, байлығын қастерлеп, оның болашағына бей-жәй қарамаған.

ТҮПҚАЗЫҚ

Ана тілі – мемлекетіміздегі ел бірлігінің түпқазығы. «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дегендей, тек бірігіп күш салсақ қана қазақ тілін дамытуда алға қойған мақсатымызға жететін боламыз. Оны сақтау мен одан әрі дамыту – барша саналы азаматтарды толғандыратын маңызды мәселе. Мемлекеттік тіл – халқымыздың ауызбірлігінің айқын айғағы, ұлт болып ортақ мақсаттарға ұй-

ысуының басты нысаны. Қазіргі уақытта Жетісу облысы Алакөл ауданының №2 сотында барлық іс қағаздары, құжат айналымы мемлекеттік тілде рәсімделді. Сот ғимаратында ілулі тұрған сыртқы стенділер мен сот құжаттарының үлгілері мемлекеттік тілде жазылған. Мемлекеттік тілді өмірдің барлық салаларында қолданып, аясын кеңейтіп, қамқор болу – әр ел азаматының міндеті.



А.САКЕНОВА,
Алакөл ауданының
№2 сотының кеңесі
бас маманы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

7. «EMPLA GROUP» ЖШС, БСН 210440023105, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Кирпичный тұрғын үй алабы, Взрывпром көшесі, 1 үй, 7 пәтер, индекс D00D4H0. Тел.: 87074076467.

8. «SAFETY GROUP SN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 230340028176 (ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Самарское тасжолы, 17 ғимарат), өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, Нуржау көшесі, 25-39. Тел.: 87776980503.

9. «UT Games (ЮТи Геймс)» ЖШС, БСН 170740012527, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 17/1 үй, ПФЦ «Нурлы-Тау», блок 5Б, 8 қабат, индекс 050000. Тел.: 87719930202.

12. «Олжа-Н» несие серіктестігі ЖШС (БСН 150340005675) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Амангелді көшесі, 52 үй.

16. «West Business 07» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220640043436, өз жұмысын тоқтататындығын хабарлайды. Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, С.Сейфуллин көшесі, 9/1 үй.

17. «АЛДИЯР07» ЖШС, БСН 221140030924, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Байқоңыр қаласы, Янгеля көшесі, 22 үй, 78 пәтер, тел. +77713403884.

18. «Береке 2» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 161040017731, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкино ауылы, Өркениет көшесі, 7.

19. «Ганюшкино егін өнімдері» ЖШС, БСН 060440004433, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Ганюшкино ауылы, Өркениет көшесі, 7.

20. «Бисембай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 061040011781, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Кудряшово ауылы, Абай көшесі, 64б.

21. «Юнион Ломбард» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 160140011208, ерікті тарату туралы және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде жүгінгені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы, С. Исмаилов көшесі, 71а.

ӘРТҮРЛІ

5. «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС, БСН 050940003609, 2023 жылдың 20 сәуірінде «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС жоғарғы органының шешімімен жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылдады. «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нің несиелері осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нен қосымша кепілдіктер беруді немесе «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС-нің тиісті міндеттерін орындауды және шығындарын өтеуді мерзімінен бұрын тоқтатуды талап етуге құқылы. Талаптар жазбаша түрде «Сити Сервис Инвест Строй» ЖШС орналасқан мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Тауғұл-1 ықшамауданы, 32 үй, 10 пәтер. Телефон: 87772355000, пошталық адресі: azeke_17@mail.ru.

6. «Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі Қарағанды облысы Осакаров ауданы Үлкен-Құндызды өзеніндегі Садовое су қоймасының құрылысы ТЭН-де қоршаған ортаға ықпал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2023 жылдың 9 маусымында сағат 15:00 де Қарағанды облысы, Осакаров ауданы, Садовы а.о., Садовое а., Болашақ көшесі, 11 ғимараты мекенжайында өтеді. Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органың байланыс деректері: «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ. Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органың электрондық пошта мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabiगतat?lang=ru> сонымен қатар ресми сайт <https://ecportal.kz/>, жоба бойынша құжаттама <https://ecportal.kz/>. Жұртшылық өкілдері жоба материалдарымен қағаз түрінде таныса алатын орнының мекенжайы: Шымкент қаласы, Байтұрсын көшесі, 20 б. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8 үй, 16б кіреберіс, 7 қабат, БСН 910640000040, тел.: 87015056767. Құжаттама ны әзірлеуші атыуы және контактілік деректері: «Kaz Grand Эко Проект» ЖШС, тел. 8(775)3245005, Шымкент қаласы, Байтұрсын көшесі, 20б, БСН 111040001588, Банк: «Банк ЦентрКредит» АҚ Банктің БСК: КСЗБЖЗКХ. Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru.

11. Хабарлама 2023 жылдың 26 мамыры күні сағат 11-00 де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалық ауылы «Жамбыл 2030» ЖШС-нің шаруашылық кеңсесінде (БСН 120440003786) құрылтайшыларының (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналысын өтетіндігін хабарлаймыз. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Кезектен тыс жалпы жиналыстың төрағасы мен хатшысын сайлау; 2. Серіктестіктің атқарушы органы – директоры сайлау; «Жамбыл-2030» атқарушы органы

МҰРАГЕРЛІК

2. 2021 жылы 24 желтоқсанда қайтыс болған Оспанова Аклима Кенжебековнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат мекенжайы бойынша нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Тел.: 87022334499.

3. 12.03.2023 ж. қайтыс болған Самиев Шамшидиннің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, Т.Сүлейменов көшесі, 19А мекенжайы бойынша нотариус А.К. Молдалиеваға хабарласуы керек. Тел.: 87771152555.

4. 2022 жылы 24 қыркүйекте қайтыс болған Ділдабекова Перуза Қонқабекқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №95 ғимарат мекенжайы бойынша нотариус Ф.А. Шардарбековке келуі керек. Тел.: 87022334499.

13. 1969 жылы 19 қаңтарда туған Кишкенебатыров Серикбай Узакбаевичтің 2023 жылдың 26 қаңтарында қайтыс болғанына байланысты, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №941 үй мекенжайы бойынша Алматы облысының нотариусы Төребекова Гауһар Әбілқасқызында ашылған мұрагерлік іс бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде мұрагерлікке үміткер мұрагерлердің хабарласуын сұраймыз. Байланыс телефоны: 87076972043.

14. 1985 жылы 26 маусымда туған Джакыпбеков Ермек Кадыровичтің 2022 жылы 29 қарашада қайтыс болғанына байланысты, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №941 үй мекенжайы бойынша Алматы облысының нотариусы Төребекова Гауһар Әбілқасқызында ашылған мұрагерлік іс бойынша хабарландыру

10. Хабарландыру

«Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ жанындағы байқау кеңесі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) келесідегідей шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы байқау кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға конкурс жариялайды:

1. **Батыс Қазақстан облысы өкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖК «№3 қалалық емханасы» МКК мекенжайы: БҚО, Орал қаласы, Карев көшесі, №22 негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:** Азаматтарды медициналық қамтамасыз етудегі қоғамдық қажеттілікті және денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруды тиімді қанағаттандыру;

Конкурс **2023 жылғы 3 мамыр сағат 11.00-де** БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201 үй, № 117 кабинетте өткізіледі.

1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің болуы:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің;
3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі болуы.

2. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотталығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбузушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштер 2023 жылғы 2 мамыр аралығында қабылданады.

3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес, жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруге болады.

Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертте үміткердің аты жөні және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Одан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы үкілетті органға бағытталуы;

2) «Байқау кеңесі мүшелерінің – мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің конкурсы» «**2023 жылғы 3 мамырға дейін ашуға болмайды**» деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан жіберіледі.

Конкурсқа қатысу туралы өтініш **2023 жылдың 25 сәуірінен бастап 2023 жылдың 2 мамыр аралығында** мына мекенжайда қабылданады: индекс 090001, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201 үй, №113 кабинетте (тел. 8(7112) 245510, 504504).

жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде мұрагерлікке үміткер мұрагерлердің хабарласуын сұраймыз. Байланыс телефоны: 87076972043.

15. 1961 жылы 27 қазанда туған Медеуова Алия Абиляқы-ровнаның 2023 жылы 22 ақпанда қайтыс болғанына байланысты, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №941 үй мекенжайы бойынша Алматы облысының нотариусы Төребекова Гауһар Әбілқасқызында ашылған мұрагерлік іс бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде мұрагерлікке үміткер мұрагерлердің хабарласуын сұраймыз. Байланыс телефоны: 87076972043.

22. 2022 жылы 18 қазанда қайтыс болған азамат Аманова Рысты Бекмырзаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін барлық мұрагерлердің Атырау қаласы, Авангард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

23. 2022 жылы 15 желтоқсанда қайтыс болған азамат Сагинаев Аманжан Амантаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін барлық мұрагерлердің Атырау қаласы, Авангард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Қривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қырдыбаева Н.Н. Қызылорда қ., Фитиев бй көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажигбаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Соңы. Басы өткен санды)

– Перизат! – деді Нәзипа бардағы үстелге тамақтануға жайғасқаннан кейін – Сен аршыған жұмыртқадай аппак, қара көз, оймақ ерін, қыпша бел, сәмбі талдай майысқан, дауысы әдемі, күлкісі де әсем хас сұлудың өзісің. Нәп-нәзік болып, білдей бір фирманы басқарып отырсың. Көлікті де керемет жүргізесің. Былтыр сұлулар байқауында Гран-при алғаныңды естіп қуандым. Модель болып байиды екен десем, фирмада қалыпсың. Қалай өзгермей, фигуранды сақтайсың? Соны маған да үйретші? Қазірдің өзінде мынадай доп-домалақпын, ертең күйеуге шыққанда қандай болатынымды көз алдыма елестетсем, жылағым келіп кетеді. Ерлер мен әйелдердің отбасын құрғаннан кейін толысып кететін әдеті емес пе? Екеуіміз құрдас болғанымызбен, қатар жүргенде сен 18 жасар қыз, ал мен мамаң сияқты көрінемін. Сосын болар маған ешкім қарамайтыны.

Мұны естіп Перизат шын ниетімен маз бола күлді.

– Сен де әдемісің ғой, Нәзипа! Әр әйел өзінше сұлу. Қараторының өңдісіңің. Мен соңғы кезде шығып жатқан жылдам дайындалатын, ішінде қоспасы көп тамақтарды жемеймін. Тамақты дәмді етіп өзім дайындаймын. Мүмкін содан шығар. Әйтпесе, фигурама қарап жатқаны жоқ. Жұмыстан босамаймын. Қарауымда адамдар бар, олардың да жайын ойлауым қажет. Таңертең кетемін, содан іңірде шаршап үйге жетемін. Үйленетін адам сенің фигураңа қарамайды ғой. Отызға жақындасам да мен де бойдақ жүрмін.

– Перизат, сенің артыңнан жүгірушілер көп. Өзің ғой назар аудармайтын. Менің тек бет-әлпетім ғана әдемі, ал, денем мынау. Бізбен бірге оқыған Бисенді білесің ғой. Сол өткенде кездесіп қалғанда: «Мәә, – деді маңырай күліп – Керемет болып кетіпсің! Жоғарыдан қарағанда точка, төменнен қарағанда бочка сияқтысың», – деп тұр. Ашуланып кеттім де: «Отызға дейін еркекке ақыл кірмесе – қасірет, отызға дейін әйел көркін жоймаса – қасиет» деген бар. Сен байғұс осылай ақымақ болып қала бересің ғой, – дедім.

– Бисен бұрыннан жұртты сыртынан кекетіп күліп, кербезсініп жүретін дарақы жігіт қой. Ол өзінен басқаны адам деп санамайды. Мектепте жүргенде де біреміз бірігіп самса алғанда ол бізге қосылмайтын. Өзі бөлек тамақтанатын. Әлі солай шығар. Оны бала кезінен солай тәрбиелеген болар. Кейде баласына қарап ата-анасы қандай адам екенін ойлайсың. Алма жемісі ағашынан алысқа түспейді. Бисеннің ақшасы болса да соңғы тиынымызды жинап, самсаны оған біз алып беретін едік.

– Құрбым, біраз әңгіме соқтық. Енді, сені не мазалап жүргенін жазырмай айт. Қанша жасырғаныңмен түріңнен байқадым ғой. Адамның бет-әлпеті де ұстап береді, – Нәзипа күлді.

– Сен менің көңілімді біраз серпілтіп тастадың, Нәзипа! Бұрыннан осылай көңілді жүретін жансың. Өзіңнен жасырып қайтейін, жақында жол-көлік оқиғасына ұшырап қалдым...

– Не дейсің? Өзің амансың ба?
– Алаңдама, өзін аманмын! Әйтпесе, алдында отырамын ба? Қатты келе жатып, бір жігітті қағып кеттім. Тәніме зақым келмегенімен, психологиялық соққы алдым. Содан бері ұйқым қашты.
– Қаққан адамың аман ба?
– Жаңа ауруханаға барып шықтым, аман! Дәрігер мүгедек болып қалатынын, арбаға таңылатынын айтты. Бұл да маған ауыр соққы болып тұр. Біреудің әп-әсем баласын мүгедек еттім. Енді оны емдетуді, аяғына тұрғызуды өз мойны-



АЛҚЫЗЫЛ ТҮЛДЕР

ма аламын. Сүйген қызы да одан бас тартқанын естідім. Қағып қор қылғаннан кейін, тірлей өлтіргім келмейді.

– Шын сүйсе бірге болады ғой ол шүйкебас! Емдетіп, аяғынан тұрғызамын деп қайтесің! Отбасына сұраған ақшасын бер де құтыл. Жол апаты қалай болғанын айтшы?

– Оны қиын жағдайда қалдыра алмаймын. Сөйтер болсам қалай жер басып жүремін. Сол күні жұмыстан шығып жоғары жылдамдықпен келе жаттым. Ол көше қаланың сырт жағында болғандықтан жылдамдықты шектейтін белгі жоқ. Әрі кешкі жеті-сегіздер шамасында көп адамдар да жүрмейді ғой. Көшедегі аялдама көрінгенде мамам телефон соғып, неге кешігіп жатқанымызды сұрады. Оған жауап беріп жатқаныма алдыма біреу жүгіріп шықты. Байқаған бойда тежегішті бар күшіммен басып, рөлді бұрып кеп жібердім. Қорыққаннан не істеп, не қойғанымызды білмей қалдым. Көлігім кілт тежеліп, шыр айналып, жігітті қағып, жолдың шетіне ұшырып жіберіп, бір жақ қырына аударыла жаздап түзелді. Тарс етіп жерге түсті. Жігітке не болғанын қарауға қорқып, жылаған күйі көлігімді жолға бағыттап алдым да жүре бердім.

– Неге сол жерде тоқтап, полицияға, «Жедел жәрдемге» хабарламадың? Ол адамның өліп қалуы да мүмкін еді. Кісі қаққаныңды біреу көрді ме?

– Айтты отырмын ғой, қорқып кеттім деп. Аялдамада бір қаңғыбас тұрды. Оны сол жерден өткен сайын талай рет көретінім. Ол мас шығар, одан басқа адам болғанда мені ұстап беретін уақыты болды. Көлігімнің түсін, маркасын, нөмірін байқамаған ғой.

– Перизат, әлі де кеш емес. Кінәлі екеніңді айтып полицияға бар. Әдейі қаққан жоқсың, рөлде де саусың. Сенің арақ ішпейтініңді ел біледі. Полицияда отырғандар ақымақ емес. Олардың криминалистері дұрыстап кіріссе, куә жоқ болса да табады. Бір ілік болса жарап жатыр, ерте ме, кеш пе саған шығады. Бақылауға алады да, өмірінде сәл өзгеріс болса бірден шақыртып, мойындатады.

– Қай жерде қағып жүрсің? – «Гүлдер» дүңгіршегінің жанында. Соның арғы жағында азық-түлік дүкені, сосын кафе-бар бар ғой. Есінде ме? Бір рет қыздар болып сонда бардық.

– Иә, әлгі бар-жоғы төрт-бес жарығы бар ұзын көшенің арты ғой.

– Әлі солай, жартылай жарық болып тұрады. Өздігімнен полицияға бармаймын, Нәзипа! Шақыртып жатса көрермін. Менің түсінбей отырғаным, мен рөлді бұрып жібергенде ол жігіттің көшенің келесі бетіне жүгіріп өтуіне мүмкіндік болды ғой. Неге олай етпеді? Сонда апатқа мен ұшырайтын едім, – Перизат жылап жіберді. Нәзипа ұшып тұрып құрбысын құшақтап қоса жылады.

– Жігіт қорыққаннан тұрып қалған болар. Ондайда адам не істерін білмейді ғой, құрбым, – деді дауысы булығы шығып. Барда тамақтанғып отырғандар ду қол соқты. Екеуі бірден естерін жиып орындарынан тұрды.

– Сонымен, Мантас мырза! Екі күннен бері сені іздеп, таба алмай сабылып, темір етігіміз теңгедей, темір асамыз тебендей болып шапқылап жүрміз. Үйінде, еш жерде жоқсың. Ал, бүгін аяқ астынан аялдамада қорылдап жатсың, – деді Байбек төрде отырған Сарымға аждайма қарап.

Инспектор қарсы алдына жайғасқан, ол ішке кірген бойда үстінен шыққан сасық иіс қара күзде терезенің желдеткішін еріксіз ашқызырған адам кейпіндегі пендеге сынай қарағандай көз тастап қалыпты.

– Мені де іздейтіндер бар екен-ау, – деді Мантас – Менттарға не керегім болды екен?

– Біз де саған ұқсап, қыздарға алқызыл раушан гүлдер шоғырын сыйлағанымыз келген. Тек қымбат гүлді қайдан, қалай тегін алуға болатынын білмей, сенен сұрайық деп іздедік.

– Қуаңдаршы! Қайдағы гүл? Араққа ақшаны әрең тауып жүрген жоқпын ба?
– Жарайды, екі күн бойы қайда болдың? – деді аға лейтенант Сарым Сырбазов.

– Оның сендерге керекті қанша? Мен қылмыс жасадым ба? Аялдамада ұйықтауға болмайды деп қай жерде жазылған? Көрсетіңдерші! Шаршап отқан соң қалғып кеткен шығармын, – деген Мантастың қатты шамданғаны сонша дауысы қатқыл шықты.

– Сен өйтіп дауыс көтерме! Шаңыраққа қара! Қылмыс жасаған жоқсың, ол рас! Бірақ, бізге керекті болмаса сен аға лейтенанттың алдында отырмайсың ғой, – деді Байбек сөзге араласып, – Сұрақ қойылды ма, дұрыс жауап бер! Біз мұнда ойнап отырмыз ба?

– Не гүл-мүл дейсіңдер? Ай-

ықтырғышқа салып тастандаршы, демалып алайың. Екі күн емес, бір күн ғана мұнда болған жоқпын. Бір байшыкеш алдап әкетіп, малын тегін баққызығысы келді. Алайда, онысы іске аспай кетіп қалдым.

– Дүкеншілерге берген алқызыл раушан гүлдерді қайдан алғаның бізді қызықтырады. Сол себепті неше күннен бері сені іздеп сабылып жүрміз, – деді Сарым.

– Тауып алдым!
– Бір данасы мың теңге тұратын гүл аяқ астында жата ма? Не жасырып отырсың? Гүлдердің орын алған қылмысқа, жол-көлік апатына қатысы бар. Сол себепті сені іздедік.

– Жарайды, нәшәндік! Сен жеңдің! Қылмысты жасырып қалдың деп айыптайын деп отырсың ғой. Қағылған жігіт жүретін қызына: «Таңдағаның сол болса, енді мені көрмейсің» деп ашуланып, қолындағы гүлін жерге тастай салды. Тиын-тебен сұрайын дегем, өрт сөндіргендей түрін көріп бата алмадым. Содан кейін жолда қатты келе жатқан шетелдік ақ көлік көрінді. Жаңағы жігіт соны көрген бойда жолға жүгіріп шықты. Рөлдегі қыз машинасының тежегішін басқанымен, жігітке жетіп қалған соң көлігін бұрып жіберді. Ақ көлік сырғанақ тұпкендей шыр айналып жігітті қағып жолдың бергі шетіне ұшырып жіберді. Байқағаным рөлде қыз бала екен. Көзін жұмып алыпты. Көлік бір жағына аударыла жаздап барып түзелді. Жүргізуші көлігін артқа беріп, бағытын туралап алды да кетіп қалды. Рөлдегі қыз ішінен түсіп, жігітті қараған жоқ.

– Жігіт сонда жолға өзі ұмтылды ма? Әлде екеуің керісіп қалып, сен оны келе жатқан көліктің жолына итеріп жібердің бе? – деді Байбек.
– Танымайтын жігітте не шаруам бар? Әрі алпамсадай жігіттің бір соққысынан қалмаймын ғой. Тіпті, итеріп жіберсем де көлік оны айналып өтеді. Менің таң қалғаным қыз рөлді бұрып, көлік шыр айналғанда жігіттің жолдың екінші жағына жүгіріп өтуіне болатын еді. Өйтпеді. Ашуланып, өзін-өзі өлтіргісі келген сияқты. Қыз көп емес пе? Соған бола өмірін қия ма? Ақымақ екен! Ол жерде полиция мен жедел жәрдемге хабарласатындай менде телефон жоқ. Сосын гүлді алдым да арғы көшедегі дүкенге кеттім. Өзі жерде сұлап жатқан жігітке гүлдің керек болмайтыны түсінікті қой.

– Сүю, сезім дегенді сен білмейтін боларсың. Түсінікті, гүлді қалай алғаның белгілі тиесілі. Боссың! Көліктің кімге боділі екенін біз

білеміз. Байбек, енді ауруханаға барып, жігітпен сөйлесіп көрейік. Инспекторлар орындарынан тұрып, сыртқа беттеді.

Сарым мен Байбек палатаға кіргенде Бәкес ояу жатқан еді. Олардың қойған сұрақтарына жүзінде еш өзгеріс байқалмастан сабырлықпен жауап қатты. Көңілді екені байқалды.

– Иә, ашу үстінде өзімді өлтірмекке бекінгенім рас. Үлкен ақымақтық жасадым. Бастапқыда гүлді алып барып, кешірім сұрағым келген. Телефонмен сөйлескенде сүйген қызым Таңгүлдің ашу шақырғаны қызғаныштан онсыз да жұқарып жүрген жүйкемді одан сайын тоздырды. Содан болар, келе жатқан көліктің алдына жүгіріп шыққаным. Қаным басыма шауып, көзім ештеңе көрмей кетті. Себебі, оны шексіз сүйемін! Қазір ойласам жаным түршігеді. Қатты келе жатқан көлік тежегішін баспағанда үстімнен өтіп кетуі де мүмкін еді. Перизаттың, жүргізуші қыздың алдында өміріммен қарыздармын. Ол жерде ештеңе ойламай, тек өлуге ғана бекіндім ғой. Қыз көлікті бұрып жіберіп, мені тірі қалдыру үшін өз өмірін қия жаздады. Басын қатерге тікті. Қатты келе жатып, тежегішті басып, рөлді бірден бұрып жібергенін қараңызшы. Аударылып өлетіні анық еді. Сонда да болса сол жерде ол өзін емес, менің өмірімді сақтап қалуды ғана ойлады.

– Өзіңді кім қаққанын қашан және қайдан білдің? – деді Сарым

– Перизат есімді жиғаннан кейін палатаға келіп менімен сөйлесті. Қымбат дәрілерді әкеліпті. Кешірім сұрады. Менің оған қояр талабым жоқ.

– Сол жерде сені «өлмесең өмірем қап» дегендей жолда қалдырып, «Жедел жәрдемге» де хабарламастан, алғашқы көмек көрсетпестен кетіп қалса да ма?

– Ол жерде оның өзіне көмек керек болған шығар деген ойдамын. Қыз бала ғой. Қатты келе жатқанда алдына біреу шығып тұра қалғанын және оны қағып түсіргенін көргенде не істерін білмей, психикалық соққы алған шығар. Сіздер мені кім қаққанын қайдан білдіңіздер?

– Табамыз ғой! Білгің келіп отырса сатып алған алқызыл гүлдерің арқылы бір адамға шықтық. Қыздың кінәсі жоғына, сенің өміріңді сақтап қалуға тырысқанын естідік.

– Иә, ол гүлдерді тастай салып едім.

– Одан бұрын, камераларды қарап, картамен салыстырып, сол күні ол көшеге қандай көліктер кіргенін, уақытын анықтадық. Жеке кәсіпкер Перизат Албан жақсы танымал тұлға, халыққа сыйлы жастардың бірі. Оның көлігін тастап жауу жүргені де біздің назарымыздан тыс қалмады, – деді Байбек сөзге араласып.

– Менің сіздерден өтінішім, Перизатты жайына қалдырыңыздар! Бар кінәні өз мойныма аламын. Қыз қашан аяғымнан тұрып кеткенше қамқорлығына алып, емдетемін деп отыр. Кінә менен екенін айтып бас тартып едім, көнбеді. Жақсы, білікті дәрігерлермен сөйлесіп те қойыпты. Бойыма ертеңіме деген сенім ұялатты. Бәрінен бұрын ол Таңгүлмен сөйлесіп, оны шексіз сүйетінімді түсіндіріпті. Не айтқанын білмеймін, бірақ сүйгенім хабарласып, қателескені үшін кешірім сұрады.

Қос инспектор Бәкеспен біраз әңгімелесіп, ақыл-кеңестерін айтып, қоштасты. Бір жылдан соң жігіт та-яқпен жүретін болып, тағы екі-үш айдан соң аяғына тұрды. Кешікпей Таңгүлмен қосылып, шаңырақ көтерді. Осының бәрін ұйымдастырып, олардың басы-қасында жігіттің ең жақын досына айналған Перизат жүрді. Бұл кезде оның өзі де өмірлік жартысын тапқан еді.

Қанат ҒҰМАРОВ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklama@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5578 дана
Апталық таралым 11 156 дана

Тапсырыс №61 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын **ANMEDIA.KZ** сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрілігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31